



МЕРЕЙ

«Қуана білгенге құт қонады, бағалай білгенге бақ қонады» дейді қазакем. Байтағымызда болып жатқан тарихи оқиғаларға қуана білгеніміз, баға жеткісіз жақсылықтарды бағалай білгеніміз абзал.



ТҮРКІСТАН – РУХАНИЯТ ТҮҒЫРЫ

Фото: Ғалия КАЛИЕВА

Шырайлы-шұғылалы, пейілі кең, мейірі мол тұрғындары бар, қайырымды қала Шымкентіңіз бен түркі әлемінің текті төрі, еліміздің рухани астанасы Түркістаныңызға байланысты ұлан-асыр, ажарлықап, акжолтай қуанышымыз құтты болсын! Ұзағынан сүйіндірсін.

Жасампаз Жарлығын жарияларда Елбасымыз екі ауыз сөзбен-ақ Шымкентке де, Түркістанға да айрықша анықтама айшықтап, басты-басты мақсат пен міндетті айқындап берді.

Түркістан топырағында ұлы шайырымыз, данышпан ойшылымыз, теңдесі жоқ діндар ұстазымыз Ахмет Иассауидің, небір хандарымыз бен сұлтандарымыздың, билеріміз бен батырларымыздың, қолбасшы қайраткерлеріміздің асыл сүйектері жатыр. Түркі дүниесіне ортақ төр, Қазақ хандығының астанасы болған, Ұлы Жібек жолының бойындағы ұлық қаланың, Түркістаннан Түркібасыға, Мырзашөл — Мақтаралдан Отырар — Созаққа созылып жатқан уәлаяттың, шуақты Шымкент шаһарының келешегі кемел, болашағы берекелі.

Ахмет Иассауи бабамыз «Мен әуелі түркімін, сонан соң барып мұсылманмын» деген. «Өз дініндегіні дос тұт, өзге діндердегіні де дұшпан тұтпа» деген. Сөйтіп, түркі тіліне, мұсылман дініне қалтқысыз қызмет етпектің өшпес өнегесін танытқан. Өлмес мұра қалдырған. Алаш ардақтылары Түркістан дейтуғын атауды ту етіп көтерген, мәңгілік етпекті армандаған. Мінекіңіз, енді сол арман мен аңсар орындалып отыр.

Облысымыздың Түркістан аталуы, Шымкентіміздің жоғары мәртебе алуы, Мақтарал мен Сарыағашта екі бірдей ауданның енші бөлісіп, өз алдына отау тігуі — мұның бәрі де рухани жаңғыруымыздың нақты нәтижесі. Жеңістері мен жемістері.

Бәзбір кісілер Оңтүстік Қазақстан атауын қимаймыз деседі. Қимастық — қасиетті сезім. Алайда, Түркістан ұғымы — одан да

ұлы ұғым. Оңтүстік деген ұғым алаштың ақындар айтысы секілді ауызекі сөзінде айтыла берер. Мемлекет басшысы тәуелсіздіктің әуелгі жылдарында «Оңтүстікте бірлік-ынтымақ, бақ-береке болса, бүкіл Қазақстанымызда бірлік-ынтымақ, бақ-береке болады» деген.

Кешегі ОҚО, бүгінгі Түркістан облысының, Шымкентіміздің басылыларына да, қосшыларына да, бүкіл жұртшылығына да жоғары жауапкершілік жүктеліп отыр. Ол — Ұлыстың ұйытқысы, алтын құрсақты аймақ атына бұрынғыдан бетер берік те бекем болмақ, бірлік пен ынтымақты көздің қарашығындай сақтап, жұмыла жұмыс істемек жауапкершілігі.

Баршаға аян-дүр, Шымкентімізді шымшып айту, шымшылап жазу, Түркістанымызды түртіп айту, түрткілеп жазу бұрын да болған, қазір де бар. Енді осындай нәрселерге жол берілмесе дейміз. Бірақ ондай-ондай одағай болғанның өзінде, енді Шымкент шымшып-шымшылауға, Түркістан түртіп-түрткілеуге бой бермекші емес.

Иассауи дана «Іштері қулыққа толған, көкірегінде ар-ұяты солған адамдарда жүрек дірілдемес, жан тебіренбес» деген. Жақсылықтарға жүрек дірілдетіп, жан тебірентіп қуанайық! Қазақ Елінде қуаныштар көбейе берсін.

Мархабат БАЙҒҰТ,
жазушы



2
СЫНАҚ ПЕН
САБЫР

3
500 МИЛЛИОН
ТЕҢГЕЛІК
ШЫРАЙГҮЛ

5
ОТАНДАСТАРДЫҢ
ЖЕҢІСІНЕ ҚУАНА
БІЛЕЙІК!

7
САЯЖАЙДА
САНСЫЗ
САУАЛ

ТАҒДЫР

ЖАТЖҰРТТА ЖАЗЫЛМАҒАН СУРЕТ



Атын «Әбілхан» деп, Қастеевтей талантты суретші болсын деген ырыммен қойды ма, кім білсін, ағам мықты қылқалам шебері болды. Суретшіліктің оқуын бітірді. Салған картиналары шынайы, жаңды шығушы еді.

(Толығырақ 7-бетте)



БИРЖАМЕТР

МҮНАЙ (brent)
73,66

DOLLAR
341,08

EURO
394,46

РУБЛЬ
5,37

ЕСТЕЛІК

ОРАШ



Оралхан суретінің бояуы, әрине, бұдан көп қанық. Жыл мерзімдерінің қайсысын сипаттаса да, көзбен көргеніңнен әлдеқайда көркем болып шығады. Адамның жан-дүниесін бейнелеп беруі де ғажап! Оралханның ой-қаламына іліккен нендей тірлік, нендей құбылыс болсын тысымдығынан айырылып, құпиясын ашып, бірақ оқырманын тың ойға, тың толғанысқа тартып, жаңа арнада мың бұралады, жүрегіңе құйылады да, әрқайсысы өзіне тән келбет-кейпін табады.

(Толығырақ 9-бетте)

БИЛІК

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы» Жарлыққа қол қойды.

Мемлекет басшысы Жарлыққа қол қою рәсiмiнде сөйлеген сөзiнде Шымкент миллионнан астам тұрғыны бар Астана мен Алматы қалаларының қатарына қосылғанын айтты. Елбасы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» заңның 3-бабының 1-тармағына сәйкес, бүгін мен қол қоятын Жарлық Шымкентке республикалық



іске асыру үшін барлық мүмкіндік бар екенін айтып, қабылданған шешімнің тарихи мәніне тоқталды. Мемлекет басшысының айтуынша, Шымкент біздің елдің ғана

Елбасының айтуынша, бұл қадам шаһардың теңгермелі әлеуметтік-экономикалық дамуына және бүкіл өңір тұрғындарының тұрмыс сапасының дәйекті түрде артуына тың серпін береді.

«ОН ЖЕТІНШІ АЙМАҚ БОЛАДЫ»

маңызы бар қала мәртебесін береді. Бұл әкімшілік бірлік еліміздегі он жетінші аймақ болады. Облыс орталығы ғасырлар бойы Казак хандығының және бүкіл түркі әлемінің саяси әрі рухани орталығы болған Түркістан қаласына көшіріледі», — деді.

Н.Назарбаев жаңадан құрылған Түркістан облысында жаңа әкімшілік функцияларды сапалы

емес, бүкіл Орталық Азия өңірінің инвестиция, технология және интеллектуалдық ресурстар тартатын жаңа орталығына айналады. Бұл үшін барлық жағдай мен қажетті әлеует бар.

Қазақстан Президенті Шымкенттің республикалық мәртебе алуы оның одан әрі ілгерілеуіне септігін тигізетініне және қаланың алдында жаңа перспективалар ашылатынына сенім білдірді.

Қол қою рәсімінен кейін мемлекет басшысы Президент әкімшілігіне, үкіметке және облыс әкімдігіне Жарлықты сапалы әрі шұғыл іске асыру, сондай-ақ жергілікті мемлекеттік мекемелердің үздіксіз әрі тиімді қызметін қамтамасыз ету жөнінде бірқатар тапсырма берді.

(Өз тілшіміз)

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

183

мрд теңге. Шымкенттің бюджеті көбейетін болды

7,6

мрд теңге. Отандастарымыздың жылу мен ыстық суға қарызы

2102

ҰБТ-ның алғашқы күні өліміз бойынша осынша түлек сынақтан өте алмады

Жоба

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы туралы ақпарат беретін ресми сайт – digitalk.kz іске қосылды. Аталған сайтта бағдарлама аясында енгізіліп жатқан жобалар туралы толық мағлұмат беріледі.


САНДЫҚ АҚПАРТТЫҢ МОЛ ҚОРЫ



Цифрландыру бағдарламасы 2018–2022 жылдарға арналған. Бұл бағдарлама сандық технологияларды қолдану арқылы ел экономикасын дамытуға және тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған. digitalk.kz сайтында бағдарламаның әр бағытына жеке бөлім арналған.

«Жаналықтар» бөлімінде жоспарлар мен қол жеткізілген нәтижелер туралы, қазақстандық жобалардың тарихы туралы қызықты мақалалар оқуға болады. Сонымен қатар digitalk.kz сайтының редакциясы әлемде болып жатқан цифрландыру процесі туралы, жаңа технологиялар енгізу бойынша басқа мемлекеттердің тәжірибесі жайында шетелдік БАҚ-тағы танымдық мақалаларды аударып, жариялайды.

Руслан ДОСТАЕВ



7-20-25 Ұлттық банк «7-20-25» тұрғын үй ипотекалық бағдарламасын бекітті. Отандастарымыздың баспаналы болуына мүмкіндік беретін бағдарлама туралы Елбасының «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа үндеуінде айтылған «Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру» бірінші бастамасын іске асыру мақсатында әзірленді.



Бағдарламаға еңбек және кәсіпкерлік қызметінен тұрақты табысы бар және баспанасы жоқ кез келген отандасымыз қатыса алады. Сонымен қатар, аталған бағдарлама еліміздің кез келген өңірінен бірінші нарықтан тұрғын үй алу үшін ипотекалық несие беруді көздейді. «7-20-25» бағдарламасына қатысу үшін салымшылар баспана құнының 20 пайызын алғашқы жарна ретінде жинауы керек. Кейін, «Баспана» ұйымымен бірлесе жұмыс істейтін лицензиясы бар банктерге өтініш береді. Комиссия өтініш түсірген адамның жеке мәліметтерін тексеріп, барлық талапқа сай келсе, жаңа пәтерлерді 25 жылға 7 пайызбен жалға бермек. «7-20-25» бағдарламасының артықшылығы да осында.

Астана, Алматы, Ақтау және Атырау қалаларында баспана бағасы 25 миллион теңгеден аспауы тиіс. Өзге аймақтар үшін – 15 миллион теңге.

Айта кетейік, қатысушы-банктердің несие беруді бастағаны туралы ақпарат Ұлттық банктің сайтында жарияланады. «7-20-25» бағдарламасы осы жылдың екінші жарты жылдығында жүзеге асырыла бастайды деп күтілуде.

Сонымен қатар «7-20-25» бағдарламасын түсіндіру мақсатында Ұлттық банктің мобильді қосымшасында «7-20-25» жаңа бөлімі іске қосылды. Онда аталған бағдарламаға қатысты қызықты сұрақтарға жауап алуға болады.

(Өз тілшіміз)

Әлеумет.t⁰

Адамзат баласының бүкіл тарихы сынақтан тұрады. Алғашқыда жансақтау қамымен қоршаған ортаны игеру — отты пайдалана білу, жануарларды қолға үйрету, киім кию, баспана тұрғызу сынағынан өтсе, келе-келе сынақтың білім, ғылым, өнер қуу, мемлекетті басқару тәрізді биік те күрделі сатысына көтерілді.

Сынақ қазір де жалғасуда. Одан бірде-бір адам тыс қала алмайды. Сынақпен шындалмаған жан енжар, ынжық, тоғышар психологиямен қалыптасады. Демек бұл фәниде сынақтың барына қуанайық.

20 маусым күні, әсіресе, ата-аналардың дегбірін қашыратын науқан басталды. Өңгіме

емес, сол ұялы телефонға сенетін күнге жеттік.

Тап осы мәселеде қоғамдық санамызда түбегейлі өзгеріс жасауымыз керек. Ол өзгерісті ересектер, билік мекемелері, әсіресе, екі қауым — ата-аналар мен мектеп мұғалімдері жүзеге асыра алады. Дұрысы — айкайға аттан қоспау, моральдық-психологиялық ахуалды асқындырмау. Рухани жаңғырудың бір парасы — осы. Үйде де, сабақта да ең басты мәселе ҰБТ-ға тіреліп тұрмағанын, шынайы білімге сүйену, бәсекеге қабілеттілік екенін жастардың санасына сіңіре алсақ, жылда қайталанып жатқан жылап-сықтаудан, асылудан, атылудан, ақырзаман туғандай күңіренуден құтылар едік.

СЫНАҚ ПЕН САБЫР

мектеп бітірушілердің ҰБТ-дан емтихан тапсыруы туралы болып отыр. Олардың саны 100 мыңнан асып жығылады. Басым бөлігі — өзіміздің қарақөздер. Елдің кемел келешегі осылардың қолында, яғни жеңіл-желпі қарайтын шарауа емес.

Шындығына келсек, ҰБТ-ны өмірдегі көп сынақтың бірі ретінде қабылдаудың орнына құбыжыққа айналдырып жібердік. Тестілеу сұрақтарына мемлекеттік құпия мәртебесін беруді, оны ҰҚК қамтамасыз ететінін әділдікті, тазалықты қорғау, жемқорлыққа жол бермеу деп түсінейік. Ал балалары үшін жеңіл жол іздеп әрі-бері жөнкілген ата-аналарды, ҰБТ-ға қалта телефонмен, бума-бума шпаргалкамен кіруге небір айла-шарғы жасайтын жүздеген, мыңдаған талапкерді қалай түсінуге болады? Сынақтың алғашқы күні бір түлектің 10 ұялы телефонмен ұсталғанын естідік. Біліміне

ҰБТ-мен өмір бітпейтінін түсіндіруде БАҚ белсенді позицияда тұрғаны жөн. Жоғары оқу орнына 5-7 жыл еңбек өтілімен түсіп-ақ өндірісте, ғылым-білімде қатардан қалмағандарға, тең құрбысының алды болғандарға сөз берейік. Бала жанының ерекшелігін, нәзіктігін психоз бен невроздың зиянын дәрігерлер, психолог мамандар түсіндірсін.

Қысқасы, сабыр сақтағаннан артық ештеңе жоқ. Сабырмен тындырған іс қашанда баянды болатынын ұмытпайық.

Ханкелді ӘБЖАНОВ,
тарихшы-ғалым

Өрлеу

Өткен жылы «Электрондық үкімет» порталы 34 миллионнан астам қызмет көрсетті. «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі арқылы миллионға жуық лицензия мен рұқсат құжаты берілді. Ал 2012 жылдан бері e-gov порталы арқылы шамамен 135 мың компания ашылған. Бүгінде бір реттік құпия кілт сөзбен алуға болатын 44 қызмет бар. Қазіргі уақытта «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы барлық мемлекеттік қызметтердің 83 пайыздан астамын көрсетеді.

облыс орталықтарында болады. Аталған орталықта орнатылған компьютерлер арқылы азаматтар барлық қызметті ала алады. «Ішкі істер министрлігімен Астанада ілкі режимде көші-кон ХҚО аштық. Жылдың соңына дейін көші-кон легі жоғары Алматы мен Атырауда да ХҚО ашу жоспарланған. Бұған дейін шетелдіктер мемлекеттік қызметтерді 3-4, тіпті одан да көп күннің ішінде алатын болса, ендігі уақытта бір жерден бірнеше сағаттың ішінде қажетті барлық анықтаманы ала алады», — деді Д.Абаев.

Биыл елімізде «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы белсенді түрде жүзеге асырылуда. «Зерде» холдингі жанынан цифрландыру жөніндегі жобалық кеңсе

Д.АБАЕВ: ЦИФРЛЫҚ ЖҮЙЕГЕ ТОЛЫҚ КӨШЕМІЗ



Ал биыл еліміздің барлық облыс орталығында халыққа қызмет көрсету цифрлық орталығы ашылады. Бұл туралы қоғамдық кеңес отырысында еліміздің ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев мәлім етті. Оның айтуынша, ағымдағы жылы Оралда, жыл соңына дейін Атырауда арнайы халыққа қызмет көрсету орталығы ашылады. Еліміздің ең ірі қалалары Астана, Алматы және Шымкентте цифрлық ХҚО жұмысын бастады. Ал жылдың соңына дейін мұндай орталық еліміздің барлық

құрылды. Қаңтар айында «Электрондық еңбек биржасы» жобасы іске қосылды. Бұл бағдарлама аясында мемлекеттік секторды еңбекпен қамту жөніндегі жеке агенттіктермен ықпалдастырған әрі азаматтардың жұмысқа орналасу процесін ашық және жедел жасаған бірінші жоба болды. «Электронды еңбек биржасы» қазірдің өзінде шамамен 70 мың адамның жұмысқа орналасуына септігін тигізді.

Макпал
НОҒАЙБАЕВА

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, Сенат төрағасы:



«1-ші қыркүйекте жаңа оқу жылы басталады. Бұл оқу бағдарламалары туралы ойланатын қисынды себеп. Мысалы, ағылшын тілін бірінші сыныптан үйретудің қаншалықты қажеті бар? Осы тілді жетік меңгерген мұғалімдер жеткілікті ме? Тіл – үлкен саясат. Әуелі қазақ және орыс тілдеріне ден қою керек»

Twitter парақшасынан

1+2

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ, Сенат депутаты:



«Әлемнің ең мықты 30 елінің бастауыш сыныптарында қанша тіл оқылатынын зерттеп қарасақ, 4 елде екі тіл бірінші сыныпта, 5 елде екінші сыныпта, 12 елде төртінші сыныпта оқыта бастайды. Әлемнің бірде-бір елінде үш тіл мүлдем оқытылмайды. Бастауыш сыныптарда барлық пән тек ана тілінде оқытылу керек екенін министрлікке үнемі айтып келеміз. «Өзің білме, білгеннің тілін алма» деген қағидатты министрлік берік ұстанған сияқты. Таусылмайтын, аяғына дейін жетілмеген реформалардың жетегінде кетіп барамыз. Осының салдарын 10-15 жыл өткеннен кейін тартпасақ жарар еді»

Белес

Елімізде мал шаруашылығымен айналысатын 80 мыңнан астам отбасылық ферма құру, жайылымды 58 млн гектардан 100 млн гектарға дейін кеңейту, ірі қара малдың санын 15 миллионға, қой санын 30 миллион тұяққа дейін жеткізу көзделген. Бұл туралы Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен өткен үкімет отырысында айтылды. Отырыста агроөнеркәсіп кешені (АӨК) дамытудың мемлекеттік бағдарламасын өзектендіру мәселелері де қаралды.

Мемлекет басшысы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында агроөнеркәсіп кешені алдына еңбек өнімділігі мен өңделген



алуға жеңілдікті несие беру, жайылым инфрақұрылымын құру.

Сүтті мал шаруашылығы бағдарламасы сүт өндіру, өнеркәсіптік сүт—тауар фермалары мен заманауи сүт зауыттары бойынша отбасылық фермалардан тұратын зәкірлік кооперация қағидатына сәйкес құрылады. Отбасылық фермалардың санын 380-нен 930-ға дейін, ірі сүт-тауар фермаларын 108-ден 170-ке дейін, сүт зауыттарының санын 163-тен 174-ге дейін ұлғайту жоспарланған.

фермерге берілген I репродукциялы тұқымдардың толық құнын өтейді. Бұдан өзге, вице-министрдің айтуынша, фермерге субсидия алу үшін көп құжат жинаудың қажеті жоқ.

Техникалық жарактандыруды арттыру міндеті лизинг бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау арқылы және инвестициялық субсидиялардың көлемі бойынша шешілетін болады. Аталған шаралардың арқасында бес жыл ішінде ауыл шаруашылығы техникасының

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУЫ – АУҚЫМДЫ ЖОСПАР



ауыл шаруашылығы өнімінің экспортын бес жыл ішінде кемінде 2,5 есеге арттыру міндетін қойған болатын. Ауыл шаруашылығы бірінші вице-министрі Арман Евниев етті және сүтті мал шаруашылығын, құс шаруашылығын, суармалы жерлерді, қант саласын дамыту бойынша 10 және одан көп жылға арналған ұзақ мерзімді салалық бағдарлама әзірленгенін баяндады.

А.Евниевтің айтуынша, АӨК мемлекеттік бағдарламасы саланың негізгі тұжырымдамалық және АӨК цифрландыру, реттеу, салық салу, ауылдық аумақтар секілді онымен сабақтас бағыттарды шешуі көздейді және мемлекеттік бағдарламаның бір бөлігі ретінде салалық және сабақтас бағдарламалар тізілетін ашық платформа болады.

Етті мал шаруашылығын дамыту бағдарламасының негізін ірі қара мал өсіру бойынша фермерлік шаруашылықтардан, өнеркәсіптік бордақылау алаңдарынан және заманауи ет өңдеу кешендерінен тұратын зәкірлік кооперациялар формасындағы отбасылық фермалар түріндегі шағын шаруашылықтар құрайды.

Етті мал шаруашылығын дамыту бағдарламасына қатысушыларға жеке қолдау шаралары ұсынылады: жер телімін басымдықпен бөлу, фермерлік шаруашылықтарға мал басын сатып алу үшін, техника мен жабдықтарды сатып

Нәтижесінде, сүт өндіру көлемін 1 млн тоннаға ұлғайту көзделген.

Құс шаруашылығын дамыту бағдарламасы аясында құс етін өндіру көлемі 4 есеге немесе 560 мың тоннаға дейін (180-нен 740 мың тоннаға дейін) ұлғайтылады. Оның 150 мың тоннасын экспорттау жоспарланған. Жұмыртқа өндіру көлемі 1,5 есеге немесе 2,5 млрд жұмыртқаға (5 млрд данадан 7,5 млрд данаға дейін) ұлғаяды, оның 1,5 млрд-ды экспортталады.



«Аграрлық саясат еңбек өнімділігін түбегейлі арттыруға және өңделген өнімнің экспортын ұлғайтуға бағытталуы керек.

Біз егін егіп, дәнді дақылдарды өсіруді үйрендік. Шикізатты қайта өңдеуді қамтамасыз етіп, әлемдік нарықтарға жоғары сапалы дайын өніммен шығуымыз қажет. Егін егу мен астық жинаудың оңтайлы уақытын болжамдаудың, «ақылды суарудың», минералды тыңайтқыш себудің, зиянкестермен және арамшөппен күресудің интеллектуалды жүйелері арқылы өнімділікті бірнеше есе арттыруға болады»

(Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауынан)

Вице-министр, сондай-ақ биыл тұқым шаруашылығын субсидиялаудың жаңа тетігі енгізілетінін айтты. Оның аясында белгіленген талап бойынша, фермерлердің тұқым сатып алуға жұмсаған шығынын 100 пайыз өтеу қарастырылған. Сонымен бірге, мемлекет тұқым шаруашылықтарына элиталық тұқымның немесе

өз кезегінде Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына түзету енгізу 4 теңге жеке инвестицияға шаққанда 1 теңге бюджет қаражатын тартуға мүмкіндік беретінін айтты. Асыл тұқымды аналық мал басын әкелу бойынша шара қабылдау мал шаруашылығындағы жалпы өнімді 200 млрд теңге немесе 10 пайыз арттыруға мүмкіндік береді.

Т.Сүлейменовтің айтуынша, мемлекеттік бағдарламаны іске асыру 2021 жылға қарай жалпы ауыл шаруашылығы өнімдерінің нақты көлем индексі 2015 жылмен салыстырғанда екі есеге арттыруға мүмкіндік береді. 2015 жылғы деңгеймен салыстырғанда, 2021 жылы ауыл шаруашылығындағы негізгі капиталға инвестициялардың нақты көлем индексі 5 есеге артады. Инвестициялық субсидия есебінен тартылған инвестиция көлемі 2021 жылы 751,2 млрд теңгені құрайды. 2021 жылы АӨК өңделген өнім экспортының көлемі \$2,2 млрд болады. Бұл 2015 жылғы деңгейден 2,3 есеге артық.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

QOQAM



www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru


Түйткіл

Қазақ қызға есім берерде гүлдің атын көп қояды. Онысы гүлдей көзтартарлық көркем болсын дегені шығар. Мәселен, Раушан, Қызғалдақ, Нәркес, Лала, Шырайгүл деген есімдерді жиі кездестіріп жатамыз. Бірақ көбіміз сол қыздардың есіміне айналған гүлдерді тани бермейміз. Тіпті оның бағасын, құнын да білмейміз. «Естімеген елде көп» деген рас-ау, Қарағандының қала билігі шырайгүлді шетелден алдыру үшін 500 миллион теңге бөлген. Сөйтіп, көнді қалада гүлге қатысты үлкен дау шықты.

Қарағандыны жасыл желекке орап, гүлмен көмкеріп тастайтындай. Абаттандыруға бакандай 500 миллион теңге бөлу адамның ақылы жетпейтін дүние. Қазірдің өзінде қала көшелерінде отырғызылған гүлдің 4 түрі пайда болыпты. Оның көбі шырайгүл. Оның жерге отырғызылатын түрі қымбат емес және ерекше күтімді қажет етпейтін көрінеді. Ал құмыраға отырғызылатын аспалы түрі өте бағалы саналады. Соны Голландиядан алдырған. Бағасы қымбат, күтімді де көп талап етеді.

Шенеуніктер белсенділерді бос айғай дейді. Өйткені Қарағанды Астана мен Алматыдан кем емес. Оларда бар аспалы шырайгүл мұнда да болуы керек екен. Айтуларынша, бюджет қаржысы желге ұшқан жоқ, әр гүлдің есебі бар. Бірақ оның бір түбіне қанша қаражат жұмсалып жатқанын ешкім айтпады. Шенеуніктер келесі жылы жылыжайларды реттеп, шырайгүл

500 МИЛЛИОН ТЕҢГЕЛІК ШЫРАЙГҮЛ



Қабдығали ОСПАНОВ,
Қарағанды қаласы қоғамдық кеңес төрағасы:



«Осы гүлді шетелден алдырмай-ақ, неге өзіміз өсірмеске? Ал саябақ басқармасы жылжыайымыз бен басқа жағдайымыз жоқ деп басын алып қашады. Дегенмен шаруашылықты жүргізу құқығы бар саябақтарды басқару бөлімінің бұл жұмысты атқаруға мүмкіндігі жетеді. Тек өздері құнттамайды оны»

Рүстем КӨДЕБАЕВ,
Қарағанды қаласы саябақтарды басқару бөлімінің басшысы:



«Қарағанды облыс орталығы болған соң, бізде ешкімнен қалыспауымыз керек. Жұмсалған әр тиынға есеп бере аламыз. Ал шырайгүлдің өзін шетелден сатып алу мәселесі дау туғызғаны рас. Сондықтан оны енді өзімізде өсіреміз»

Қарағандыда саябақтарды басқару бөлімі Голландиядан әкелінетін гүлдерге 120 миллион теңге бөлген. Мұны естіген қоғамдық кеңес мүшелері бюджет қаражатын желге ұшырып жатыр деп қала билігін айыптады. Ал жалпы Қарағандыны көгалдандыруға биыл жарты миллиард теңге жұмсалмақ. Сол ақшаға

өсіруді қолға аламыз деп отыр. Дегенмен оның ұрығы бәрібір Голландиядан сатып алынады. Әзірге қала көркін ашып тұрған гүл отырғызылған құмыра ғана өзіміздікі екен. Биліктегілер бұл жергілікті зауыттың өнімі екенін мақтан тұтып отыр.

Саят САБДАЛЫ,
КТК.kz

Дәстүр

Алматы қаласындағы «Боралдай» археологиялық паркінде «Ұлы дала – көшпенділер әлемі» халықаралық этно-мәдени фестивалі ұйымдастырылады. Іс-шара 23-24 маусым күндері өтеді.

Фестивальға Мажарстан, Монғолия, Башқұртстан, Тыва, Украина, Дағыстан, Қалмақ Республикасы, Таулы Алтай, Өзбекстан, Якутия, Бурятия, Саха Республикасы және Қырғызстан елдерінің үздік өнерпаздары қатысады.

Фестивальға жиналғандар көшпенділердің өткен дәуіріне саяхат жасайды. Мысалы, қарулы жігіттер күш сынасып, палуандар сайысына түссе, қыз-келіншектер ұлттық тағамды

ҰЛЫ ДАЛА ОЙЫНДАРЫ



дәстүрлі тәсілмен дайындаудың құпиясын көрсетеді. Сондай-ақ, көрермендер арасында «Ең әдемі ұлттық киім» байқауы ұйымдастырылып, жеңімпаздарға бағалы сыйлық табысталады. Биылғы фестивалдің тағы бір ерекшелігі – бәйге. Бас жүлдеге автокөлік тігіліп отыр. Сондай-ақ садақ ату, жамбы ату, аударыспақ, балуандар сайысынан оза шапқан үздіктер де бағалы сыйлыққа ие болады.





Сергін

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында индустриаландыру экономиканы дамытудың флагманына, жаңа технологияларды енгізудің көшбасшысына айналу керектігі айтылған. «Көл-көсір» мұнайдың дәуірі аяқталып келе жатқандықтан, елімізге экономикалық дамудың жаңа жолдарын іздеу керек. Бұл ретте Төртінші өнеркәсіптік революция элементтерін өндіріске кеңінен енгізу маңызды. Дәл сол себепті Елбасының тапсырмасы бойынша өңдеуші секторға басымдық беріледі. Айта кету керек, өлем бойынша барлық қызмет пен тауар экспортының 65 пайызы дәл осы өңдеуші өнеркәсіпке тиесілі. Ал елімізде 2016 жылы импортқа 7 342 млрд теңге жұмсалған. Бұл жаппы сұраныстың 62 пайызын қамтиды. Еліміздегі сұраныстың жартысынан көбін импорт тауарлары қамтитындықтан, экономиканы дамыту үшін оның мөлшерін азайтып, отандық тауарлармен алмастыруға басымдық берілгені жөн.

ОТАНДЫҚ ТАУАРДЫҢ ҮЛЕСІ АРТАДЫ

Астанада өткен «Отандық тауар өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігі» атты форумда инвестициялар және даму министрлігі, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры импортты алмастырудың жобалық кеңсесін құру туралы келісімге қол қойды. Сондай-ақ «Атамекен» ҰКП мен «Самұрық-Қазына» қоры импортты алмастыру бойынша өзара қарым-қатынас туралы келісім жасады. Аталған келісім аясында импортты алмастырудың ұзақ мерзімді бағдарламасы әзірленеді. Бұл өз кезегінде таза импорт үлесін елеулі түрде қысқартуға негізделген. «Самұрық-Қазына» ұсынған мәліметке қарағанда, мұндай кадам бұған дейін елімізде өндірілмеген тауарларды шығара алатын жүздеген кәсіпорындарды құру үшін ынталандырушы тетік болмақ. Атап айтқанда, бағдарлама бойынша Қордың компаниялар тобы сатып алатын тауарлардың тізімі бірлесіп қалыптастырылады. Осыдан кейін «Атамекен» палатасымен бірге Қазақстанда өндірісті ұйымдастыруға әлеуетті инвесторлар арасында конкурс өткізілмек. Өз кезегінде Қор конкурсты жеңіп шыққандармен ұзақ мерзімді шартқа отыруға әзірлігін растайды. Сөйкесінше, жана кәсіпорындар импортты алмастыратын өнімдерді ел аумағында өндіре бастайды.

Қор алдағы екі жылда холдинг ішіндегі кооперациядан шығару есебінен бәсекелес ортаға, яғни кәсіпкерлік субъектілері үшін 700 млрд теңге сомаға сатып алуларды береді. Бұл біршама кәсіпкерлер тобының Қордың сатып алу процесіне қатысуына мүмкіндік береді.



— Біз Қордың қоржындық компанияларының сатып алуларында тек импорт тауарларды анықтап, тізбесін бірлесіп жасаймыз. Кейін «Атамекен» палатасымен бірлесіп, Қазақстанда қажет өндірісті ұйымдастыруға әлеуетті инвесторлар арасында конкурс өткіземіз. Қор өз

тарапынан қажетті өндірісті жолға қоятын конкурс жеңімпаздарымен ұзақ мерзімді шарттар жасасуға дайын, — деп мәлімдеді «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорының басшысы Ахметжан Есімов. Басқарма төрағасы осы бастамаларды іске



жинамайтын болады. Сондай-ақ отандық бизнес субъектілерінің мүдделерін қорғау мақсатында Қор әлеуетті өнім берушілерге көшпелі аудит жүргізу өкілеттілігін «Атамекен» ҰКП-ға беру жөнінде шешім қабылдады. Бұл аудит жүргізу рәсімінің ашық болуына мүмкіндік береді. Сыбайлас жемқорлықты азайтады, бизнес шығындарын қысқарады және олардың заңдық мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді.

Үш жақты келісім бірлесіп импортты алмастыру бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жобалық кеңсе құруды көздейді. Жобалық кеңсесін басты міндеттері қатарына отандық тауар өндірушілерді ұзақ мерзімді тапсырыстармен, оның ішінде оффтейк шарттармен қамту, жобаларды іріктеу және мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну, қолданыстағы ең жақсы



асыру отандық кәсіпкерлердің инвестициялық белсенділігін ынталандырып, жана өндірістер құрылатынын, жана жұмыс орындары ашылатынын және бюджетке қосымша салық түсімдері қамтамасыз етілетінін тілге тиек етті. Сондай-ақ Қор тарапынан шетелдік өнім ұсынушылармен немесе олардың делдалдарымен отандық өндірушілердің тауарлық номенклатурасы бойынша жана ұзақ мерзімді шарттар жасасуға және қолданыстағы мерзімді шарттарды ұзартуға мораторий енгізілетін болады.

А.Есімов «Бұл бір реттік шаралар емес. Біз кәсіпкерлермен өзара қарым-қатынасты дамыту және сатып алу жүйесін жетілдіру бойынша жүйелі жұмыс жүргізуді одан әрі

кеңейту арқылы қаржыны тиімді пайдалануға мүмкіндік алады», — деді. Оның айтуынша, биылғы жылдың соңына дейін сатып алудың электрондық жүйесін дамыту аясында жана сатып алу порталында электрондық шарттар жасасу мүмкіндігі енгізіледі. Бұл санаулы күн ішінде шарт жасасуға мүмкіндік береді. Осы шара пошта арқылы жіберу қажеттілігін болдырмайды, кәсіпкерлер кабинет аралап, қол

жынамайтын болады. Сондай-ақ отандық бизнес субъектілерінің мүдделерін қорғау мақсатында Қор әлеуетті өнім берушілерге көшпелі аудит жүргізу өкілеттілігін «Атамекен» ҰКП-ға беру жөнінде шешім қабылдады. Бұл аудит жүргізу рәсімінің ашық болуына мүмкіндік береді. Сыбайлас жемқорлықты азайтады, бизнес шығындарын қысқарады және олардың заңдық мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді.

Үш жақты келісім бірлесіп импортты алмастыру бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жобалық кеңсе құруды көздейді. Жобалық кеңсесін басты міндеттері қатарына отандық тауар өндірушілерді ұзақ мерзімді тапсырыстармен, оның ішінде оффтейк шарттармен қамту, жобаларды іріктеу және мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну, қолданыстағы ең жақсы

өдістер мен технологиялар негізінде өндірістерді ұйымдастыруға көмектесу кірмек.

Дегенмен, отандық тауар өндірушілер импортты алмастыру үшін бәсекеге қабілетті бола ала ма? «Атамекен» ҰКП Басқарма төрағасы Абылай Мырзахметовтың айтуынша, отандық тауар өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін 4 бағытта жұмыс істеу керек. Олар: салалық саясатты жетілдіру, реттелетін сатып алулар жүйесіндегі техникалық реттеу, стандарттау құралдарын толыққанды пайдалану, реттелетін сатып алуларда қол жеткен нәтижелер мен қалған мәселелер жайында ақпарат беріп, отандық тауар өндірушілерді тапсырыстармен қамтамасыз ету үшін сатып алулар жүйесін түзету.

Еліміздегі сұраныстың көп бөлігі импорт есебінен қамтамасыз етілгенімен, осы күнге дейін импортты алмастыру үшін ешқандай шаралар атқарылмады дей алмаймыз. Мысалы, «Жасампаз» консорциумының басшысы Сәуле Шәкенованың айтуынша, мемлекеттік ұзақ мерзімді тапсырысты орындауда өзіне инновациялық міндеттемелерді алған консорциум 2 жыл ішінде бірталай жұмыс атқарған. Соның ішінде 2017 жылы шикізаттағы жергілікті қамту үлесі 60 пайызға артқанын айта кетуге болады. 2015 жылы елімізде тек шетелдік шикізат қолданылып, 2016 жылы 46,6 пайыз болғанын ескерсек, бұл да бір жетістік екенін аңғаруға болады. Сондай-ақ консорциум бюджетке құйылатын салық төлемдерін 65 пайызға ұлғайтты. Қосымша 800 адам жұмыспен қамтылды.

Соңғы 2 жыл ішінде консорциум компаниялары Кеден одағы пен ЕАЭО мемлекеттеріне экспортқа шықты.

Алтыннай
КУАНЫШБЕК,
Астана қаласы



Көз көлген елдің экономикасы өнім мен табыс формуласынан тұрады. Осы бір қарапайым формула бүгінде өлемнің алпауыт елдерінің негізгі ұстанымына айналып та үлгерді.



ӨНІМ мен ТАБЫС

Соңғы жылдары елімізде бизнесті дамытуға мол қаржы құйыла бастады. Бұл жақсы үрдіс. Дегенмен сарапшылар шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың негізгі жолы бизнестің түрлі саласын кеңінен қарастыру ғана емес, инновациялық тәсілдерді, дәстүрлі

— 2021 жылы «Казхимпродакшн» ЖШС циклогексан өндіру зауыты жұмысын басталады. 85 адамды жұмыспен қамтитын жобаның құны 21,4 млрд теңгеге бағаланып отыр; — «Кәсіпкерлікті қолдау картасы» шеңберінде қазіргі таңда Атырау облысында құны 71,8 млрд теңгені құрайтын 23 жоба жүзеге асырылып, 1471 жұмыс орны ашылды.

емес және озық технологияларды қолдану, ең жаңа өнімдер мен қызметтерді пайдалану екендігін де айтады. Қазіргі таңда шағын және орта бизнестің еліміздің ішкі жалпы өнімінде алатын үлесі — 20%. Бұл көрсеткіштің қаншалықты аз немесе көп екендігін төмендегі мәліметтерді саралау арқылы көруге болады.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму бағдарламасының хабарлауынша, ғаламдық экономикада шағын кәсіпорындардың саны барлық кәсіпорындардың жалпы санының 95%-нан асады. Сөйкесінше, олардың әлемдік жалпы ішкі өнімдегі үлесі 50%-ға дейін жетеді. Қазақстан ұмытылып отырған өлемнің озық отыздығында да шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі орасан. Өзіміз жиі үлгі ететін Жапонияда бизнес жалпы ішкі өнімінің 55%-ын, Ұлыбританияда — 52%, Германияда — 57%, ал Италияда 70%-на дейін құрайды. Біздің еліміз бизнестің экономикадағы үлесін 2050 жылға қарай 50 пайызға дейін арттыруды көздеп отыр. Енді бұл бағытта қандай жұмыстар атқарылуға? Соның ішінде отандық экономиканың драйвері дейтін Атыраудың нақты көрсеткіштері қандай?

Атырау облысының әкімі Нұрлан Ноғаявтың айтуынша, соңғы бес жылда кәсіпкерлікті дамытуға жергілікті бюджеттен 1,2 млрд теңге бөлінген. Ол «Ал 2018 жылы бюджеттен 500 млн теңге бөлініп, оның басым бөлігі ауылдағы бизнесті дамытуға бағытталды. Атырау облысы — мұнайлы өңір. Алайда соңғы жылдары біз экономиканы әртарапандыруда, агроөнеркәсіптік кешенді дамытуда, өнімдерді қайта өңдеуде айтарлықтай жұмыстар атқардық» дейді.

Әрине, ауыл бизнесін дамыту ең алдымен мемлекет үшін маңызды. Себебі, азық-түлік қауіпсіздігінен бастап, агроөнімдер экспорты, мал басын көбейту, экологиялық таза өнімдер өндіру — бәрі ауылдың әлеуетімен тікелей байланысты. Сол себепті де екінші деңгейлі банктер мен ауыл кәсіпкерлері арасындағы байланысты дамыту қажет. Айталық, көптеген ауыл тұрғындары үшін несие алу кезіндегі кепіл мәселесі күрмеулі түйінге айналды. Осы

ретте, Атырау облысы әкімдігінің ауыл бизнесіне шағын несие беру үшін бірегей бағдарламаларды іске қосқандығын атап айтқан жөн. Мәселен, өткен жылы «Бизнес Аймақ» бағдарламасы бойынша жергілікті бюджеттен 350 миллион теңге бөлінді. Соның нәтижесінде 67 бизнес жоба іске асырылды. 123 жұмыс орны құрылды. «Алтын Кеме» бағдарламасы бойынша да 304 миллион теңгеге 13 жоба мақұлданып, 25 жұмыс орны ашылды.

Бүгінгі таңда «Кәсіпкерлікті қолдау картасына» бес жана жобаны қосу жоспарланып отыр. Атырау облысы кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының басшысы Айкын Елеусізовтің мәлімдеуінше, жобалардың жалпы құны 2,5 млрд теңгені құрайды. Жобалар іске қосылғанда өңірде 107 жана жұмыс орны ашылады. Олардың қатарында New Ascent ЖШС-нің тауарлы бетон өндіру зауыты, «АНТА» ЖШС-нің бір реттік стакан шығару өндірісі, Plasticcom ЖШС-нің полиэтилен пакеттерін өндіретін кәсіпорны, «Атырау бетон 24» ЖШС-нің темірбетон бұйымдарын өндіретін зауыты, «Эко Пластик» ЖШС-нің пластикалық қалдықтарды өңдеу зауыты және New Ascent ЖШС-нің тауарлы бетон өндіру зауыты бар. «Аталған жобаларды іске асыруда мемлекет тарапынан несиелерді субсидиялау, пайыздық мөлшерлемелер, кепілдендіру және грант бөлумен қамтамасыз ететін болады», — дейді Айкын Елеусізов.

Бұған қоса, жыл соңына дейін жалпы құны 19,5 млрд теңгені құрайтын төрт жобаны іске қосу жоспарланып отыр. Фармацевтикалық зауыт, MEKEN CHICKEN ет бағытындағы құс фабрикасы, «Карат» диірмен құрылысы және «Атырау нефтемаш» ыстық мырыштау әдісімен коррозияға қарсы қорғағыш қаптамаларымен қаптау өндірісін іске қосқан уақытта, жанадан 254 жұмыс орны ашылады деп күтілуде.

Атырау жерінде бірнеше жылдан бері талқы тақырыбына айналған фармацевтикалық зауыт жоспарланған қуатына шыққаннан кейін жылына 800 мың дана таблетка, 3 мың дана сықпа әртүрлі майлар, тамырға жіберілетін ерітінділердің 20 миллионға жуық құтысын шығаратын болады. Зауыт өкілдігінің хабарлауынша, барлығы 50-ден астам



фармацевтикалық өнім түрлерін шығаруды жоспарлап отырған кәсіпорын ең алдымен сапаға мән береді. Қажетті шикізаттар негізінен Үндістан мен Қытайдан әкелінеді деп күтілуде. Экологиялық таза әрі сапалы өнім дайындалатын кәсіпорындағы жұмыс процестері қалдықсыз технологияларға негізделді. Осылайша, қандай да өндірісте ең көп пайдаланылатын су

десек, зауыт оның да көлемін 126 мың текше метрге дейін үнемдеуге мүмкіндік беріп отыр.

Қазір адамдардың сана-сезімі, психологиясы өзгерген. Өзіне қызмет ету арқылы, табысқа тезірек кенелу мүмкіндігі барын, әсіресе, ауылдағы ағайын жақсы түсінеді. Қаладағы алпауыт кәсіпорындардың қатарында ауылдық жерлердегі шағын цехтардың да ауызға алынатыны қуантады.

Баян ЖАНУЗАҚОВА,
Атырау облысы

2017 жылы Атырау облысында «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша 1543,5 млн теңге бөлінді. Соның нәтижесінде 312 жоба қаржыландырылып, 1210 жұмыс орны құрылды.

Саңлақ

СПОРТТА

Елбасының бастамасымен қолға алынған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы сәтті жүзеге асырылып келеді. Бағдарламаны сенімді түрде қоғамдық сана жаңғыруының өзіндік іргесі деуге болады. Қазіргі қоғам серпінді дамып келе жатқан әлем жағдайында өз мәдениетіне, салт-дәстүріне, адамгершілік ұстанымына сүйене отырып, үнемі дамып, жаңғырып отыруы тиіс. Қазақстан кейінгі бірнеше жыл қатарынан спорт шыңына сенімді көтеріліп, әлемдік мәдени кеңістіктің өнер, балет, кино және эстрада саласына ерекше үн қосып келеді. **Геннадий Головкин, Қанат Ислам, Жансая Әбдімәлік, Динара Сәдуақасова** және басқа да дарынды тұлғалар жұлдыз болып жанды. Бүкіл әлем оларға төтті. Ал біздің өз елімізде отандастарымыз үшін қуануымызға не көдергі болып отыр? Біз неге көлеңкеге тығылып, қорқасоқтап жүреміз. Тіпті жеңімпаздорды өз еліңде шаттықпен, айқара ашылған құшақпен күтетін адамдарды кінәлаймыз? Олардың жеткен жеңісіне бірге қуануға хақымыз жоқ деп санайтындар кімдер? Өз арманына деген ұмтылыс, құштарлық рухын олар біздің Ұлы Даламыздан алды емес пе, бабалар рухын бойларына сіңіріп өсті емес пе?



ӨНЕРДЕ

ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН

ДИМАШТАН БАСТАЙЫҚ. Ол Ақтөбе облысында дүниеге келген. Әншінің ата-анасы Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткерлері Қанат пен Светлана Айтпаевтар. Ол 6 жасында «Айналайын» республикалық сайысының лауреаты атанды, ал 10 жасында түрлі шараларға қатысып жүргізуші ретінде өзін танытты. Димаш 2014 жылы Ақтөбе қаласындағы А.Жұбанов атындағы музыкалық колледжді «Академиялық ән айту» мамандығы бойынша тәмамдағаннан кейін, Қазақ ұлттық өнер университетінің «Эстрада өнері» факультетіне түседі.



2010 жылы «Байқонырдың сынғырлаған үні» халықаралық фестивалінің І премия лауреаты, ал небәрі екі жылдан кейін «Жас канат» (2012 ж.) республикалық жас әншілер байқауының бас жүлде иегері, «Восточный базар» (2012 ж.) эстрадалық ән орындаушылардың халықаралық телебайқауының І премия иегері, «Мейкин Азия» (2013 ж.) жас әншілердің І халықаралық фестивалінің жеңімпазы атанды.

Димаш осы аталған сайыстарға қатысқан сайын бір сатыға жоғарылай түсіп, бірте-бірте халықаралық сахнаға қадам басты. Біз оны әрдайым мемлекеттік және үкіметтік концерттер бағдарламасына қосып отырдық.

Ал 2015 жылдың өзінде-ақ ол (Белоруссия) Витебске қаласында «Славянский базар-2015» эстрадалық ән орындаушылардың XXIV халықаралық байқауының Бас жүлдесін жеңіп алып, өзін дарынды әнші ретінде таныта түсті. Сол жылы Димаш Ыстамбұл қаласында өткен «ABU TV song» Халықаралық Азия-Тынық мұхит телефестивалінде алғаш рет Қазақстанның атынан өнер көрсетті.

Әрине, әншінің мұндай жетістіктерін үкіметте байқады. Ол 2016 жылы «Дарын» мемлекеттік сыйлығының иегері атанды, сондай-ақ оған мәдениет саласы бойынша Ұлт көшбасшысы — Қазақстан Республикасы Бірінші Президентінің шәкіртақысы тағайындалды және де Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан елінің бірлігін нығайтуға үлес қосқаны үшін» Құрмет грамотасымен марапатталып, «Халықтың сүйіктісі» ұлттық сыйлығының лауреаты атанды.

ГОЛОВКИН – НАҒЫЗ ПАТРИОТ!

Осындай жарқын тұлғалардың бірі, әрине, Геннадий Головкин!

Әлемдегі ең айтулы спорт алаңдарында Геннадий Головкиннің әрбір жарқын жеңісін әйгілеп Қазақстан әнұраны ойналып, туы көтеріледі. Ол рингке өзінің атақты қазақы шапанын киіп шыққанда, миллиардтаған телекөрермендер мен бүкіл әлем GGG-ді қошеметпен қарсы алып, біздің ұлттық киіміміздің әдемілігі мен нақышына танырқай да, таңғала да қарайды. Оның, тіпті киім үлгісінде болсын, өз жеріне шын берілгендігіне, адалдығына мен де таңданамын, қызығамын және сол үшін зор ризашылығымды білдіргім келеді. Жекпе-жектен кейін ол қайтадан шапанын киеді. Осы сәтте бүкіл әлем біздің



ұлттық киімімізді көріп отырғаны үшін кеуделе мақтаныш сезімі кернейді! Қысық-қыныр көзқарастар мен мысқыл сөздерге қарамастан, біздің шапанымыз бар әлемге Қазақстанды танытатын брендiмізге айналды. Геннадий Головкин де, өзге патриот спортшыларымыз да әркез сайын осыны дәлелдеп келеді.

Арыстанбек МҰХАМЕДИҰЛЫ,
мәдениет және спорт министрі

Әлем чемпионының Қазақстан Халқы ассамблеясындағы «Ұлттық туралы сұрағанда, менің әкем — орыс, анам — көріс, ал мен қазақтың деймін! Барлық жеңісімді өз еліме, өз халқыма, өз президентіме арнаймын!» деген сөзі бәріміздің есімізде. **Жүрек түкпіріндегі нағыз отансүйіштік деген осы емес пе?!**

Бұл жерде Генаның ата-анасының еңбегі зор, әрине. Оның анасы Елизавета Сергеевна Головкинаның айтуы бойынша, ол егіз ұлынан батыр тәрбиелеп шығаруға ұмтылған емес, ең бастысы, ұлдарының ар-ұят, адалдық, адамгершілік ұстанымдары болғанын басты назарда ұстаған.



«Отандық спортшылар жетістіктерінің халықаралық деңгейде мойындалуы ең маңызды нәтиже болып табылады»

(Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасынан)

Балаларының бойына осы қасиеттерді сіңіре білгеніне мақтанады: «Менің ұлдарым да, мен де жан-тәнімізбен Қазақстанды және туған жерім — Қарағандыны жақсы көреміз».

Орайы келіп жатса, Геннадий туған жеріне баруға уақыт табатынына, бұқаралық спортты дамытуға өз қаражатын салып жүргеніне куәміз. Майқұдықта өз қаржысына барлық адам ақысыз пайдалана алатын дене шынықтыру-сауықтыру кешенін ашып беруі — оның адал патриоттық сезімінің тағы бір дәлелі.

Қазақстандық боксшы Қарағанды облысы Қарқаралы ауданында туристік кешен құрылысын да бастады.

Туған жерге деген шынайы сүйіспеншіліктің жарқын үлгісінің белгісі, міне, осындай болар. Еліміздегі бокс өнері тек Головкин есімімен ғана байланысты емес. Әлемде ай сайын отандастарымыздың қатысуымен қаншама титулдық жекпе-жектер өтіп жатыр. Қанат ИСЛАМ, Бейбіт ШҮМЕНОВ, Батыр

ОТАНДАСТАРЫМЫЗДЫҢ ЖЕҢІСІНЕ ҚУАНА БІЛЕЙІК!

қарыштап дамып келе жатқанымыз бұлтартпас айғақ. Өзін қолынан ештеңе келмейтін адам санайтын, әлемдік аренадағы спортшылармыз бен әртістеріміздің жетістіктеріне «бағы шауып кетті» болмаса біреудің көмегі тиді деп қарайтын, өзін үнемі «екінші орынға» қоятын адамдардың психологиясынан арылуымыз қажет.

«Ел іші — өнер кеніші» дейді емес пе! Шынымен де, елімізде талантты адамдар мен тума дарын иелері өте көп. Таланттарымыз отандық спорт және өнер мектептерінде тәлім алып, құнарлы топырақтан шығуда. Мысал керек пе, келтірейін!

Біз керемет балерина әрі хореограф Алтынай Асылмұратовамен ерекше мақтана аламыз. Ол Алматыда театр әртістерінің отбасында дүниеге келген. Ата-анасы мен ата-әжесінің өмірі театрмен байланысты болды. Әкесі, Казак ССР-нің еңбек сіңірген әртісі Абдурахим Асылмұратов, Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театрының солисі, кейіннен Алматы хореографиялық училищесінің көркемдік жетекшісі, атасы Алматы мемлекеттік консерваториясының бас балетмейстері болған. Алтынайдың балалық шағы Абай атындағы театр сахнасының сыртында өтті. Ол онда жүріп, асқақ өнердің рухын бойына сіңіріп, балетке жан-тәнімен берілді.

Дәл осы өнер ордасы шығармашылық қуат беріп, кеңес одағындағы ең үздік оқу орындардың бірі — Ленинград хореографиялық училищесіне түсуіне көмектесті деп ойлаймын. Осылайша балет оның «жол сілтер жұлдызына» айналды.

Оның әлемнің үздік сахналарындағы тәжірибесі мол. Ол көп жылдар бойы С.М.Киров атындағы Ленинград опера және балет театрының солисі (*қазіргі Маринский театры*), Ұлыбритания корольдік балетінің және Марсель ұлттық балетінің (*Франция*) прима-балеринасы, А.Я.Ваганова атындағы орыс балеті академиясының көркемдік жетекшісі болып қызмет еткен. Қазіргі таңда Алтынай Асылмұратова елге оралып, Астанада қызмет

етіп жүр және оған өз жұмысы ұнайды. Қазір ол — Казак хореография академиясының ректоры әрі «Астана Опера» театры балет труппасының көркемдік жетекшісі. Ол зор қуанышпен еліне қызмет етіп, шәкірт тәрбиелеп келеді. Халық оның сахналаған «Манон», «Бахчисарайский фонтан», «Корсар» және т.б. қойылымдарын сүйсініп тамашалайды. Мен де оның отанына қызмет ететінін, әртістердің жаңа буынына тәлім беріп жүргенін, сөзсіз, мақтанышпен айтамын.

Осы ретте жас әртістер туралы айтқанда, «Астана Опера» балет театрының жетекші солисі Бақтияр Адамжанды ауызға алмай болмас. Ол қандай байқауға қатысса да, гран-при жеңіп алады.Бұл, тіптен, зандылыққа айналды.

2016 жылы Бақтияр Адамжанның әлемдік балетте өзін қалай таныстырғаны естеріңізде ме? Ол Сеулде өткен ХІІІ халықаралық би байқауында жеңіске жетті, онда әлемнің ең күшті балет әртістері жұлделі орындар үшін таласқан еді. Ол байқаудың әділқазылар алқасын өзінің асқан шебер техникасымен және шебер орындауымен таң қалдырды. Бұдан басқа, Бақтияр АҚШ-та, Ресейде, Түркияда және т.б. елдерде өткен бірнеше айтулы халықаралық жарыстардың жеңімпазы. Айтпақшы, ол — ХІІІ халықаралық балет әртістері мен хореографтары

www.jasqazaq.kz

E-mail:
jas_qazaq@mail.ru

ЖҮКЕМБАЕВ және тағы басқа керемет боксшыларымыз бар. Жакында кәсіби бокс әлеміне біздің тағы бір отандасымыз, Олимпиада чемпионы — Данияр ЕЛЕУСІНОВ шықты.

Осындай жаналықтар бізді, әрине, қуантады. Мұндай спортшылар аз емес және олар отандық бокс мектебінің атағын әлемге паш етіп келеді.

Димаш Құдайбергеннің орасан зор жетістігін бүкіл әлем біледі. Сондай-ақ өзіміздің қазақстандық Самал Есләмованың Канн фестиваліндегі Бас жүлдеге ие болуы бүкіл дүниежүзілік БАҚ пен әлеуметтік желілерді желпіндірді. Алайда Самал ресейлік режиссердің арқасында киножұлдыз бола қалды, ал Димаш болса, тіпті қытайлықтар «таққан олжа», Геннадий американдықтар болмаса атак-даңққа жете алмас еді деген пікірлерге куәміз.

Олимпиадалық жарыстар, әлемдік чемпионаттар, халықаралық сайыстар мен фестивальдер секілді ауқымды шаралар жастар өздерінің бұғып жатқан дарынын ашу үшін ұйымдастырылады. Геннадий Головкин олимпиадалық ойындардың күміс жүлдегері, бір емес бірнеше дүркін әлем чемпионы екенін атап өтейік.

Біздердің сана сезімімізге әбден сіңіп қалған «құлдық», басқалардың бәрі керемет, бізге ондай болу қайда деген түсінігімізден әлі күнге дейін арыла келмей жатқан сияқтымыз. Ондай ойды түбірімен доғаратын уақыт келді. Дворцевый Сергейдің өзі мен қазақстандық режиссерін, Димаш мен Қазақстанда оқығанмын да, оқимын да десе, Головкиннің қайдан екендігін біле тұра, жөк бізден ондай «күштілердің» шығуы мүмкін емес деп керісінше жазатын керітартпаларды қайтесін. Сондықтан, осы мәселеге егжей-тегжей тоқтала кетсек.

арасындағы байқауда алтын медальді жеңіп алған алғашқы биші. Бүгін ол Алматыдағы А.В.Селезнев атындағы хореография мектебінің жас түлегі, ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев стипендиясының иегері және «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты атанды.

Танымал жас әртістеріміз туралы айтқанда, «Астана Опера» театрының симфониялық оркестрінің бас дирижері және көркемдік жетекшісі, бүкіл әлемге әйгілі дирижер Алан Бөрібаевтың есімін атамауға болмайды. Сондай-ақ бүгінгі күні ол —Ресейдің Үлкен театрына шақырылған дирижер, Ирландиядағы радио және телевизия ұлттық симфониялық оркестрінің бас дирижері және көркемдік жетекшісі.

Ол музыка өнерінде зор беделге ие. Загреб қаласында Ловро фон Матачича атындағы халықаралық дирижерлер байқауында жеңіске жетіп, халықаралық деңгейде танымал болды. Оның дарыны мен зор әлеуеті Дания мен Италиядағы халықаралық жарыстарда жоғары бағаланды.

Ол Берлин симфониялық оркестрінің, Мадрид Fundacion Excelentia оркестрінің, Токио Метрополитен оркестрінің, Малайзияның филармониялық оркестрінің және т.б. мойындалған, үздік дирижерлерінің бірі.

Оның Осло, Хельсинки, Гамбург, Берлин, Милан, Мельбурн филармониялық оркестрлерімен және АҚШ, Корея, Жапония, Ұлыбритания оркестрлерімен музыкалық маусымдарда өнер көрсетуі көрермен қауымның және әлемдік музыка сыншылары тарапынан жоғары бағаланып келеді.

Тығыз жұмыс кестесіне қарамастан, ол театрдағы жұмысын да қатар алып жүреді. Өткен жылы айтулы мәдени оқиға — көрнекті австриялық композитор Густав Малердің «Симфония тысячи участников» деп аталатын 8-симфониясының орындауы естеріңізде болар. Жобаның музыкалық жетекшісі және дирижері Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Алан Бөрібаев елі...

Ғажайып қойылым болды! Бұл біздің халқымыздың талантты екендігін тағы да айғақтай түсті. Әртістеріміз айтулы әлемдік сахналарға шығады және мұның бәрі рухани жаңғырудың негізі — ҰЛТТЫҢ МӘДЕНИ КОДЫ деп санайтын Президентіміздің басты бағыты деп білемін.

Шынымды айтсам, біз шетелге қандай концерттік, театрлық қойылымдармен немесе көрме сапарларымен шықсақ та, шетелдік әртістеріміз біздің әртістерімізге, қазақтың өнер туындыларына және қойылымдарымызға тәнті болады және бұны ұжымның әр жетекшісі растай алады. Сондай-ақ шетелдіктер «Алтын адамды», бірегей артефактілерімізді тамашалау үшін мұражайларда үлкен кезекке тұратын болды.

Данышпан Демокриттің мынадай бір жақсы айтылған сөзі бар «Мен еш нәрседен үміттенбейтін және ештеңеден қорықпайтын адамды азат адам деп санамаймын».

Біз де біреудің сезімі мен пікірінен шын мәнінде азат бола алмай, алға қарай қадам басудан, өз жетістігімізге шын қуануға мүмкіндік беруден қорқамыз. Бір қорқыныштысы құлдық сананын дегенімен басқаларды да жүргізіп, бойымыздағы бұл дертті бүкіл қоғамға жұқтырғнымыз келеді.

Бұны дер кезінде тоқтатып, әлемдегі дамыған алдыңғы қатарлы елдің ішінен өзімізді көргіміз келсе, болашағымыз үшін жауапкершілік алып, азат ойлы елге айналуымыз қажет. Бойымызда құлдың емес, жеңімпаздың психологиясын қалыптастыруымыз керек.

Мен ғылым, білім, экономика, денсаулық сақтау салаларында да осындай үздік жетістіктерге жететінімізге сенімдімін. Өйткені, біз қасиетті топырақтан тамыр тартқан ғажап елде тұрамыз!.

Ұлттық спорт

Аламанға ат қосқан ат төбеліндей малсақ қауымның көңілі күпті еді. Үкілеген жүйріктерінің қарым-қабілетінің қаншалықты өкөндігін білгендіктөн бе, дөмелісі аз да, дүрмөкке дырду қосқандары басым.

Жанары отты, ауыздығын шайнап, жер танабын қуырғалы тұрған шын тұлпардың қарасы саусакпен санарлық. Есесіне, қарындары кампайып, шенбірек атқан можантопайлары мол. Алғашқы айналым басталғанда-ақ сауыры, омырауы ақ көбікке малынған, тапырақтаған жеті-сегізгі жарыс жолынан шығып қалды. Екінші айналымда да барлыққандарының қарымы едәуір. Соңғы үшінші айналымда ерен жүйріктер ғана шоктай екшеліп қалды. Шабыстан гөрі



Қазақстан тәуелсіздігі кезеңінде 20-дан астам ұлттық спорт түрі жанданып дамыды. 2014 жылдың қорытындысы бойынша қарқынды түрде дамыған ұлттық спорт түрлерімен 265,7 мыңнан астам адам шұғылданады (2012 жылы — 229,9 адам, 2013 жылы — 250,9 адам).
Ұлттық ат спорты жарыстарын жоғары деңгейде ұйымдастырып өткізуге жағдай жасалуда.

(Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасынан)

АЛАМАНҒА АТ ҚОССАҢ, БАПТЫ БОЛСЫН

тепендеген жортаққа таяу, қара желістің аз-ақ алдындағы екпінмен тоңқандаған талай жылқы көрерменге күлкі болды. Негізінде, күлкі болған қайран да қайран қасиетті жылқы емес, жаратусыз, бапсыз, қолтығы сөгіліп шаба алмайтын тұқымы азған тұғырды бөйгеге қосқан ат иелері еді.

Иә, шынында ат жарату өзгеше өнер. Ілкі заманда жалпақ жонның қабырғасын қайыстырған үйір-үйір жылқының ішінен болашақ жүйрік шығар тұлпарды құлын кезінен-ақ қапысыз танып, баптаған. Әрине, кез келген құлыннан жүйрік шықпайтындығы белгілі. Әуелі тұқымына қарап, бағаласа керек. Содан соң тұқымы тәуір құлынды мәпелеп күткен. Үйірге көп қоспаған, себебі жылқы үйездеп тұрған кезде ірілері ұсағын теуіп мерткітіруі де мүмкін. Тай күнінде бөйгеге қосып сынаған. Құнан шыққанда қолтығын жаздырып, құнан бөйгеге қосқан. Жылқы жайын жақсы білетін көңігі атбегілер мұны жер таныту деп атаса керек. Дөненінде піштіріп, жайлауға бос қоя берген. Бесті шыққанда қолға ұстап, қара жарыстарға қосқан. Бұл талапты бұрынғылар шаң көрсету деп атаған.

Ат жалын тартып мінгелі жылқы баққан, жылқы жайын жақсы білетін Жетпіс Бектеміров ақсақал былай дейді: — Көнекөз қариялардан естуімізге қарағанда, әрі өзіміздің азды-көпті тәжірибемізге сүйеніп айтатын болсақ, жүйрік баптау жыл бойы жалғасып отыратын, орта жолда үзіп тастауға болмайтын өнер. Кешегі кенес заманында ел назары техникаға ауып кетті де, жылқыға ешкім көңіл бөлген жоқ. Содан соң сан ғасыр бойы жалғасып келе жатқан ата дәстүрі ұмыт болды. Жаңағы айтқан ойымды сабақтайтын болсам, шыныммен жүйрігінді жыл он екі ай бойы көзіңнен таса қылуға болмайды. Бір рет бабын бұзып алсан, қайтадан бабына келтіру қиынның қиыны.

Асылында, тері алынған ат пен тері алынбаған аттың екеуі екі түрлі болмақ. Тері алынған жүйріктің денесі құрғақ, көңілді, таза тұрады. Тіпті жылқы жайын жақсы білетін жамағат қылқұйрықтының «мен бөйгеге дайлымын» деген ишарасын ұққандай болады. Демалысы қалыпты, тынысы да кен. Ал, жаратылмаған ат құтты ұйқысы қанбаған адамдай маузырап, әлдене жетпей тұрады.

Атты күшіне қарап суыту керек. «Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай шабады» демекші, алыс қашықтыққа, жақынға шабатын ат бар. Бөйге жолының қашықтығына орай ат бапталмақ. Ал, баптау әдісі әртүрлі. Егер тілін түсініп баптай алмасаң, жүйріктің бағы таяды. Бөйгеге қосатын атты дұрыс жемдеген ләзім. Бидай ауыр, арпа да жеңіл емес. Ең дұрысы сұлы. Шөптің ішінде жоңышқа. Атбегілердің бұрынғы тәжірибесін сүзсек, жоңышқа мен сұлы жылқыға таптырмайтын тамақ. Жемнің қысқы мөлшері мен жазғы мөлшері бірдей емес. Қақаған қыста бес келі жем берсең, жаздың қара қарғаның миы қайнайтын ыстығында

зулайды. Ал қазақ жылқысының мінезі, бабы оларға қарағанда мүлде бөлек. Олай болатындығы, қазақ жылқысы үнемі табиғат аясында, кең далادا жүргендіктен.

Аламанда ат бағының жануы шабандозға да байланысты. Бөйге жолында жүйріктің күшін үнемдеп, тілдесе білу өзгеше өнер. Құстай ұшып бара жатқан жүйріктің шабысын реттеу тек тәжірибемен ғана қалыптасатын машық. Кейбір балалар ат үстінде еркін отыра алмайды, қорқады. Аттың шабысына шыдамайды. Ал, енді бір шабандоздар астындағы аттын шаршағанына, шалдыққанына қарамай, далақтап шаба береді. Ақыр соңында бөйгеге қосқан атты түкке жаратпай тастайды. Сондықтан, көп жай бөйге атының басына мінген балаға байланысты. Аспен бірге шабандозды да дайындаған ләзім.

— Жүйрік жылқының жаратылысын талай даналар сипаттап жазып кеткен. Сол мұраны екшеп қарасаң, бөріне ортақ бір сипат бар, — дейді Балуан Шолақ атындағы



үш келі молынан жетіп жатыр. Одан асып кетсе, ат ауырлайды. Қазір жасыратыны жоқ, бөйге атын бидаймен жемдеп қосатындар да бар. Бұл жүйрікті құрту. Бидаймен жемдеген соң аяғына жем түсіп, түкке жарамай қалады.

Ат жайын білемін дейтіндердің айтуынша, жыл сайын бөйгеге қосылып дағдыланған есті жануар жаз шығысымен өзін-өзі жаратады екен. Көкті талдап жеп, суды талап ішеді. Үйірдегі жараған жүйріктің бір белгісі маңдайын күнге қаратып, күнді бағумен болатындығы. Жіті көз жараған жүйріктің тан сөріде шығысқа, тал түсте оңтүстікке, күн ұясына батареда батысқа қарап маңдайын күнге сүйгізіп тұратынын аңғарар еді. Ат баптаудың тағы бір құпиясы жылқының мінезіне байланысты. Сабырлы аттарды жабына келтіру қиын. Есесіне, мінезі жеңіл жылқылардың терін алу да, бабын табу да оңайырақ. Ат баптау, жүйрік жарату — жас сәбиді баққандай ересен ептілікті, айрықша нәзіктікті талап ететін бейнеті бес баптан жұмыс. Сол бейнетке төзу үшін ат жанды, былайша айтқанда, темірдей төзімді болуын керек.

Қазіргі күні жылқының ең жақсысы ағылшын тұқымдас жылқылар деген пікір қалыптасқан. Ағылшын жылқысының жақсы екендігін ешкім де жоққа шығармайды. Расында да, мықты жылқы. Түрікменнің ақалтекесі де жақын қашықтыққа атқан оқтай

Көкшетау балалар мен жасөспірімдер ұлттық спорт мектебінің әдіскері Оралбек Қайсанов, — жүйріктің басы қу бас, етсіз болу керек. Қамыс құлақ, бота көз, денесінің мейлінше төртпақ болғаны жөн. Құйрық жалы сұйық келсе, тіпті жақсы. Қабырғалы, кеуделі, шоктығының биік болуы жүйріктің мінсіз сипаты. Естеректе ат сырын білетіндер, осындай тұрқы бар ат қашса жеткізбейді, қуса құтқармайды деп бағалаған. Негізінде жүйрік аттың бақайы өте ұзын болмауы абзал. Бақайы деп ақ сүйегін айтамыз ғой. Ақ сүйегі ұзын аттар аяқтан тез қалады. Ал бақайы шымыр, қысқа жүйріктер шабысқа шыдамды келеді. Ат қарынды, қабырғалы болса, тіпті жақсы. Қазіргі күні кейбіреулер қамау терін аламыз деп, моншаға да салып жүр. Біздіңше, ол дұрыс емес. Негізгі жүйрік атты бір қалыпты ұстаған жөн. Жілік майын үзбесе әлді болады.

Ілкі заманнан бері қазақ пен жылқы егіз ұғымға айналып кеткен. Осы орайдағы, дәстүр сабақтастығы — халықтың асыл мұрасы. Көне ғасырлар қойнауынан жеткен баға жетпес қазына түштеп келгенде, ұлт пен ұрпақтың рухани жады десе де боларлық. Ата-бабадан қалған салт-дәстүрімізді танып, әдет-ғұрпымызды ұлықтау біз үшін міндет.

Байкал БАЙӘДІЛОВ, Ақмола облысы

Қала тынысы

Таяуда Маңғыстау облысында Ақтау қаласының әкімі Ғалымжан Ниязовтың, оның орынбасары Нұрлыбай Аққұловтың және бөлім басшыларының қатысуымен баспасөз мәслихаты өтті. Жиында шаһардың қаңтар-сәуір айларындағы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіші айтылып, өзекті мәселелер сөз болды.

ШАРУАСЫ ШАЛҚЫҒАН ШАҺАР



Шаһар басшысы Ғалымжан Мұқырұлының айтуынша, аталған уақытта өнеркәсіп өнімінің көлемі 77,8 млрд теңгеге жеткен. Осы кезеңде ауыл шаруашылығы өндірісінің жалпы көлемі 118,5 млрд теңгеге көтеріліпті. Биылғы жылдың алғашқы 4 айында орындалған құрылыс жұмысының көлемі 9,8 млрд теңге болды. Негізгі капиталға инвестиция көлемі 44,0 млрд теңгені құраған. Мамыр айының басындағы есеп бойынша, салық пен басқа да міндетті төлемен мемлекеттік бюджетке 107,3 млрд теңге, оның ішінде республикалық бюджетке 82,1 млрд теңге, жергілікті бюджетке 25,2 млрд теңге түскен.

Ақтау қаласының әкімі Ғалымжан Ниязовтың айтуынша, қала бойынша қаңтар-сәуір айларында 204,1 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 2,1 есеге жоғары. Қазіргі таңда баспана кезегінде 9836 адам тұр. Биыл 32 және 34 шағын ауданда 1530 пәтер, 33 шағын ауданда 670 пәтер тапсыру жоспарланып отыр. Жеке меншік компаниялар 4 993 пәтерлі 89 үй салып жатыр. Қалада 71 358 адам жер алу кезегіне тіркелген. Шаһарда жеке азаматтарға беретін жер жоқ. 2010 жылы жер кезегіне тіркелу тоқтатылды. Қазіргі таңда жер беріліп жатқан жоқ. Бүгінде Түпқараған ауданының аумағында нақты жоспарлау жүріп жатыр. 2021-2031 жылдарға арналған жоспар бойынша, 5 аумаққа бөлініп, көпқабатты үйлер салынады. Қаржы қаралып, жобалық-сметалық құжаттама жасакталмақшы. Жеке кәсіпкер қаланың 55 жылдығына орай,

Қазір шаһардың 55 жылдығына орай 15-шағынаудандағы «Оазис» тұрғын үй кешенінен бастап қала әкімдігіне дейін жолды қайтадан төсеу жұмысы басталды. Оған республикалық бюджеттен 800 млн теңге бөлінген. 2007 жылы салынған жолға 11 жылдан бері жөндеу жүргізілмеген. Қаланың орталық көшелеріндегі жол жиектерін де ауыстырмақшы. «Асар» базарынан ХТМЗ-ға дейін 4 жолақты жол салынады.

Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысы Берік Ізғалиевтің хабарлауынша, 10-12 шағын ауданның ішіндегі жолдарды жөндеуге қалалық бюджеттен 47 млн теңге қарастырылған. Жақын күндері 2-шағын аудандағы ой-шұңқырларды жөндеу жұмысы басталмақ. Содан кейін 4,7 шағын аудандардың ішіндегі жол ретке келмек. Биыл жалпы қаланы абаттандыруға 130 млн теңге бөлінген.

Жиында қала әкімінің орынбасары Нұрлыбай Аққұлов қала тұрғындарын аландатқан 26-шағын аудандағы Бекет ата мешітінің тұсынан басталып, техникалық-сервистік қызмет көрсететін орынға дейінгі жолды жөндеу жұмысы неге ұзаққа созылатынын түсіндірді.

Бұл аумақтағы жолдың астында сол жердегі ғимараттардың инженерлік желісі орналасқан. Сондықтан мұндағы нысандардың жұмысына кедергі келтірмей жұмыс жүргізу керек. Мемлекеттік сараптаманың белгілеген уақыты 10 ай болғанымен, жолды жөндеу жұмысын ішде айында аяқтауға бәрі күш салуда. Мұны жөндеуге 584 млн теңге бөлінген.



сый ретінде 4-шағынауданнан бастап 14-шағынауданға дейінгі жол жиегіне ағаш екті. Қаланы көгалдандыру жұмысын «Зағиптар қоғамы» ұтып алып, бүгінде бұл міндетті атқаруда. «Қала жолдарынан» жұмыстан босап қалған 125 адам осы іске тартылған. Сонымен бірге әкім 38-40 мың көлікке арналған қалада 79 930, қала іргесіндегі Мұнайлы ауданында 17 мыңдай көлік тіркелгенін, Мұнайлы ауданына шамамен 7 мыңдай көлік қалаға кіретінін айтты.

Қала әкімі Ғалымжан Ниязов шаһардың 55 жылдығына орай кәсіпкерлер 90 үйдің сыртын сырлап, балалар алаңын жаңартып беретінін, ұлы ойшыл Абай мен классик актер Н.Жантөриннің ескерткіші тұрғызылатынын жеткізді.

Сондай-ақ жиын барысында Елбасы Н.Назарбаевтың және Каспий жағалауы мемлекеттерінің басшыларының қатысуымен тамыз айында саммит өтетіні белгілі болды.

Салауатты өмір

Таяуда мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті мен облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының ұйымдастыруымен мемлекеттік қызметкерлер арасында «Әкем, анам және мен – спорттық жануя» отбасылық спорт сайысы өтті. Аймақта бұқаралық спортты дамытуды, салауатты өмір салтын насихаттауды мақсат тұтқан сайысқа 5 жануя қатысты.

Мемлекеттік қызметкерлер күніне орай ұйымдастырылған спартакиаданың ережесіне сәйкес, сайысқа мемлекеттік қызметшінің жануясы, яғни ата-ана мен 6-8 жас аралығындағы екі баласы қатысты. Теннис орталығында ұйымдастырылған шараның ашылу салтанатында сөз алған аталған департаменттің басшысы, әдеп жөніндегі кеңестің төрайымы Нұргүл Жанназарова сөз сөйлеп, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Өзгерістерді өзіңнен баста» кіші бағдарламасы аясында ұйымдастырылған спорттық шара мемлекеттік қызметшілердің арасында салауатты өмір салтын қалыптастырып,

мемлекеттік қызметтің оң имиджін қалыптастыру, бұқаралық спортты дамыту бағытында өткізіліп отырғанын жеткізіп, барша қатысушыларға сәттілік тіледі. Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының бөлім басшысы Н.Жұмабай Елбасының бұқаралық спортты дамытуға бағытталған бастамаларын

орынды «Парасат» тобы (Далабаевтар отбасы-МКІСЖҚІА Маңғыстау облысы бойынша департаменті), екінші орынды «Аманат» тобы (Долдашевтар отбасы — МКІСЖҚІА Маңғыстау облысы бойынша департаменті), үшінші орынды «Қырандар» тобы (Елешевтер отбасы — МКІСЖҚІА Маңғыстау облысы бойынша

СПОРТҚА ЖАҚЫН ОТБАСЫ



департаменті) иеленді. Сайыс қорытындысы бойынша жақсы нәтижеге қол жеткізген «Құлагер» тобы (Қарабековтер отбасы — Қымыстық-атқару жесуісі департаменті) мен «Патриоттар» командасы (Қунгуровтар тобы — «Школьник» орталығы) бағалы сыйлықтармен, ал жеңімпаздар дипломдармен,

медальдармен және кубоктармен марапатталды. Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің



«Барлық деңгейдегі әкімдерге жергілікті ерекшеліктерді есепке ала отырып, тиісті аумақтарда спорттық-бұқаралық іс-шараларды тұрақты негізде өткізуге жеке жауапкершілік жүктеу қажет. Саламатты ұрпақ қалыптастыру мақсатында спорттық іс-шараларға тең мүмкіндіктер мен тең қолжетімділік арқылы бала жасында бастапқы тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету қажет»

(Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасынан)

қызметкері Ахат Далабаев «Бүгін жұбайыммен және балаларыммен бірге осы сайыста 1-орынды иелендік. Қуаныш үстінде тұрмыз. Сайыс қызықты, көңілді, тартысты болды. Балаларымызға үлгілі өнеге көрсететіндей, тәрбиелік мәні зор шара жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Мұндай сайыс жастарды жан-жақты болуға, бос уақытын тиімді өткізуге баулиды. Барша жеңімпаздарды құттықтаймын!» деді.

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ

Тағдыр

Газетіміздің өткен санында өмірінің соңында қаңғыбастың күйін кешіп, көшеде садақа тілеп қалған кейіпкер туралы жазғанбыз. 82 жастағы қарт қаламгер, қарымды журналист, өмір бойы педагогика саласында қызмет өткен ардагер ұстаздың аянышты тағдыры оқырмандарды бей-жай қалдырмады. Содан бері редакцияға хабарласып, Елубай Манасты сұраушылар көбейді. Көмектескісі келетін атымай жомарт жандар да бой көрсетті.

Жас қазақ-тың бұл аптасында санында Елубай Манас сияқты тағы бір кейіпкерге тоқталмақпыз. Ол да қаңғыбас. Ол да шығармашылық саланың адамы.

Алғашқы кейіпкерге қарағанда, оның жанашыр жақындары бар. Әке-шешеден, бауыр-қарындастан адасып қалғаны болмаса, бұл кейіпкеріміздің туыстары отыз жылдан бері оны іздеп, күтіп жүрген. Сонымен, ширек ғасырдан артық уақыт қаңғыбасқа айналған, жақындарынан көз жазып қалған ол кім? Қалайша ол қаңғыбасқа айналды? Осы сұрақтардың жауабын іздеп, тағы да жан-жаққа хабарластық...

Бізге бұл кейіпкер туралы Қазақстан ұлттық телеарнасындағы «Қарекет» бағдарламасының тілшілері хабар берді. Әріптестеріміздің жөн көрсетуімен іздеген кісіміздің жақындарын таптық. Хабарластық.

Қызылорда қаласында тұратын Бибайша Құразова бізге мән-жайды, ағасының қалай қаңғыбасқа айналғанын, қанша жылдан бері қандай ауыр азап көргенін, қазіргі хал-жайын – бәрін басынан баяндап берді.

ЖАТЖҰРТТА ЖАЗЫЛМАҒАН СУРЕТ

КЕТІСУ

— Біз бір анадан 8 ұл, 8 қыз едік. Үйдің тұңғышы — ағамыз Әбілхан Құразов болатын. Біз одан 1991 жылы көз жазып қалдық, — деп бастады әңгімесін Бибайша ханым. — Ол өте талантты суретші, колөнер шебері еді. Атын «Әбілхан» деп, Кастеевтей талантты суретші болсын деген ырыммен қойды ма, кім білсін, ағам мықты қылқалам шебері болды. Суретшіліктің оқуын бітірді. Салған картиналары шынайы, жанды шығушы еді. Ағаштан ою-өрнек оятын. Ойған дүниесі станоктан шыққандай, көздің жауын алушы еді. Ол кезде біз жаспыз. Ол оқуын жана бітірген. Жалындап тұрған кезі. Мектепті де, институтты да орысша оқыды. Содан болар, араласатын ортасы орыс тілді қыз-жігіттер болды.

1987 жылы болу керек, бір күні ол анама келіп Ресейге барғысы келетінін, сол жақта жұмыс істесем деген ойын айтты. Анам марқұм оны жанындай жақсы көруші еді. Сөзін екі еткен жоқ. Бір-ақ күнде сауып отырған екі сиырды сатып, Әбілхан ағамның калтасына салып, ақ жол тілеп шығарып салдық. Ол сол кеткеннен хабар-ошарсыз, бірнеше жыл үйге ат ізін салбастан жолақ. Көрмеген соғып, хат жазып хабарласпайды. Іздеп бара салатын жақын жер емес: Мәскеу қайда, Қызылорда қайда? Сөйтіп жүргенде үш-төрт жыл өтіп кетті.

1991 жылдың жаз айы болатын. Бір күні аяқ астынан Әбілхан ағам үйге кіріп келді. Тұңғышын көрген анам байқұс сүрініп-қабынып, көз жасын көл қылып бас салды. Ана мен баланың табысуынан артық көңіл толқытатын не болсын?! Біз де көз жасымызға ерік бердік, — деген Бибайша апайдың көңілі босап кетті. Анасын сағынған болуы керек. — «Ананың көңілі балада, баланың көңілі анада» деп қазақ бекер айтпаған ғой. Бірақ шешеміздің қадірін ағам көзі тірісінде білмеді ғой. Білсе, Мәскеуде несі бар? Анасының жанында жүрмес пе еді?» деп іштегі қыжылын ағытқандай болды.

— Содан соң не болды? — деп оқиғаның ары қарай қалай жалғасқанын асыға күтіп мен отырмын. — Не болушы еді? Құжаттарын жоғалтқан екен. Соны жасату үшін келіпті. Үйде көп тұрған жоқ. Кетерінде анама үйленгенін, бір қызы бар екенін айтты. Шешем марқұм «Келінді алып кел. Немеремді көрейін. Көзімнің тірісінде маңдайынан сүйейін. Тәуелсіздік алдық. Қазақстанда да өмір сүруге болады» деп, біраз жалынғандай болды. Бірақ ағам көнбеді. Анам оның үйде қалмағанына қатты ренжіді. Әбілхан ағам болса, қайтып келетінін, біраз жыл жұмыс істеп, ақша тауып, елге оралатынын айтып, бәрімізді сендіріп, аттанып кетті. Сол жолғы әңгімесінде ол Ресейдің Иркутск облысында тұрып жатқанын айтқан болатын. Иркутскінің қай жақта екенін біз қайдан білеміз? Біз үшін Ресейдің бәрі Мәскеу болып елестейтін.

АДАСУ

— Әбілхан ағам сол кеткеннен мол кетті. Тағы да хабар-ошар болған жоқ. Алғашқы жылдары оның жоктығына аса мән бермедік. Өйткені етіміз үйреніп кеткен болатын. «Күндердің бір күні қайтып оралатын шығар?» — деп күттік. Бірақ ол оралмады. Бізді қойшы, оның жоктығы анама қатты батты. Күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылды. Ресейге қатысты жаңалық бола қалса, теледидарға шұқшияды да отырады. «Менің Әбілім қайда жүр екен? Маған Қызылордаға қайтып ораламын деп уәде беріп кетіп еді. Ол келеді. Менің сөзімді жерге тастамайды» деп өз-өзіне күбірлеп отыратын.

— Ресейге бару шетелге шығу емес қой. Қалай іздемелініздер? — дедім Бибайша апаның сөзін бөліп.

— Нақты әдірісі болмады ғой. Өзі беріп кеткен мекен-жайға бір емес, бірнеше рет хат жаздық. Бірақ жауап жоқ. Оның үстіне, көрмеген-



білмеген жерге іздеп баруға ешқайсымыздың батылымыз жетпеді. Бәріміз алды-алдымызға отау болып кеттік. Үйлі-күйлі, балалы-шағалы болдық. Әбілхан ағаны іздеу ойымызда болғанымен, тұрмыстың илеуінен серпіліп ешкім шыға алмады.

Сөйтіп жүргенде, осыдан бес жыл бұрын өмірден анам озды. Ол көз жұмғанша баласының атын атаумен болды. Тұңғышы, жақсы көретін көзінің қарашығы ғой. Оның үстіне, анам үшін басқа балаларына қарағанда Әбілханның еті тірі, табиғаты бөлек болып көрінетін. Ананың баланы күткенінен артық азап жоқ екен. Ондай азапты дұшпанамы да тілемес едім.



ТАБЫСУ

— Анам қайтыс болған соң, біз де Әбілхан ағадан күдер үзе бастадық. Өліп қалды деп ойлдық. Тіпті сырттай құран бағыштап тұратынбыз.

— Сонда қалай таптыңыздар? Отыз жыл қайда, қандай жағдайда өмір сүрген?

— Биыл мамырдың 6-күні екінші ағамның қызы хабарласып тұр. «Бибайша әпке, әлеуметтік желіде бір кісіні жариялапты. Фамилиясы біздің тегімізге ұқсайды. Ресейде екен. «Қызылорданың қазағымын» дейді. Мүмкін, осы кісі біздің көкеміз емес пе? Әлде, фамилиясы ұқсас адам ба екен?» деп қонырау шалды. Содан балалардың ұялы телефонынан әлгі хабарландыруды таптық.

Ресейдің Иркутск облысына қарасты Ангарск қаласында тұратын Елена Казакова деген

әйел өзінің Фейсбуктегі паракшасына салыпты әлгі видео мен хабарландыруды. «Бұл азамат Қазақстанның Қызылорда қаласында туған. Мүгедек, екі аяғы жоқ. 15 жылдан бері көшеде қаңғыбасқа айналып қалған. Көмектесініздерші!» деп жазыпты. Видеодан ағамызды бірден тани алмадық. Өйткені оның жүзі суықтан тотығып, сақал-мұрты өсіп, әбден азып-тозып кетіпті. Көп қиыншылық көргені түрінен көрініп тұр. Бірақ адамның көзі өзгермейді екен. Елена ханыммен сөйлескеннен кейін, әлгі қаңғыбастың ағамыз екеніне көзіміз жетті.

Аға-бауыр, туыс-туғанның басып қосып ақылдастық. Ангарскіге қалай барамыз? Кім барады? Оны қалай әкелеміз? Көшеде қаңғып қалған, құжатсыз адамды елге әкелуге: пойызға, ұшаққа отырғызуға болады? Осы сұрақтардың жауабын іздеп, Қазақстан ұлттық телеарнасындағы «Қарекеттің» журналистеріне қонырау шалдық. Бізге сол журналистердің көмегі көп тиді. Олар Қазақстанның сыртқы істер министрлігіне, еліміздің Ресейдегі елшілігіне хабарласып, мән-жайды түсіндіріпті.

Істің бас-аяғын пысықтап алған соң, біздің жактан екі сіңлім жолға шықты. Оларды Елена Казакова күтіп алды.

— Бірден елге алып келді ме? — дедім, әңгіменің қызығына еліткен мен.

— Жок. Тыңдаңыз. Мына қызықты қаранызшы! Сыртқы істер министрлігі араласқан соң, бұл мәселеден Ангарск билігі, қалалық полиция да хабарлар болыпты. Біздің адамдар Иркутскіге жеткенде, ағамыз аяқ астынан жоғалып кетіпті. Күнде базардың жанында қайыр тілеп отыратын адам ұшты-күйлі жоқ. Аспанға ұшып кететін қанатты құс емес. Қашып кететіндей емес, екі аяғы жоқ. Бұл мәселеге қалай да басқа біреулердің араласып отырғаны анық болды. Содан соң Алматыдан «Қарекеттің» тілшісі Самал Мейрам сыртқы істер министрлігіне, Ресейдегі Қазақстанның елшілігіне қайта-қайта хабарласты. Заңгерлер араласты. «Егер азаматты тауып, елге қайтаруға көмектеспесеніздер, бұған барлық баспасөзді араластырамыз!» деп күшке салды. Ана жактан екі сіңлім «15 жыл бойы еш көмек бермей қаңғыбасқа айналдырған адамды неге бермейсіңдер? Оны жібермей, осында ұстауға қандай құқықтарын бар?» деп, Ангарск полициясына олар да шамасы келгенінше талап қойды.

ОРАЛУ

Үшінші күні Иркутск полициясы ағамызды тауып берді. Қайдан тапқандарын ешкім айтпайды. Табылғанына шүкір дедік! Бізде оның туу куәлігі мен әскери билеті ғана қалыпты. Басқа бірде-бір құжаты жоқ.

Ангарскіден Мәскеуге пойызбен бірнеше күн жол жүріп, өрен жетті. Оларды Қазақстанның сол жақтағы Қазақстан елшілігінің қызметкерлері күтіп алып, тамақтандырып, ұшаққа дейін өздері шығарып салыпты.

— Қуаныштарыңызға ортақпыз! Қазір ағаларыңыз мұндай күйге қалай түскені туралы айтпай ма? Қалай мүгедек болып қалған?

— Ол есін жоғалтып алған. Біресе екі аяғымды ауруханада кесіп тастады десе, бірде аяғымды дәрігерлер емес, біреулер балтамен шауып тастады дейді. Соңғы сөзі шындыққа жанасатын сияқты. Өйткені дәрігерлер кессе, олай олақ кеспейді. «Бір жерге алып барды. Кішкентай балалардың қолын, аяғын шауып тастапты. Бәрі жылап жатыр. Мені де сонда алып келді. Жап-жас жігіттердің қолында өткір балта жүр. Алдымен бір аяғымды шапты. Есімді жинаған соң, екінші аяғымды кесті. Қатты қиналдым» деп отыр. Екі қолының екі-екіден төрт саусағы жоқ. Екі аяқ жамбастан шолақ. Көрмеген азабы қалмапты байқұстың. 15 жыл «бомж» болу онай ма?

Бір қызығы, ол бізді ұмытпапты. Үйге келгелі жас кезінде есінде қалған естеліктерін айтып жатыр. Бәріміздің атымызды атап, кішкентай кезімізде кімнің не істегенін, қайсымыздың қандай болғанымызды айтып, бізді бірде күлдіріп, бірде жылатып алды. Алғашқы күндерге қарағанда, қазір оның тілі қазақшаға сынып қалды. Балалар «Көкеміздің тілі шықты» деп әзілдеп қояды.

Әбілхан ағам анамызды қатты сағыныпты. Әкем мен шешемнің зиратына алып бардық. Көп жылады. Өткен өміріне қатты өкінетінін айтты.

Құдайдың бұйрығы шығар, ол 67 жасқа толған туған күнін өзі туған қарашанырақта, іні-қарындастарының ортасында атап өтті. Бұдан артық қандай қуаныш болсын! Туған топырақтай ыстық, туған үйдің жылуындай шуақ қайдан болсын?!

Дарынды қылқалам шебері суретшілер тілімен айтқанда, жат жұртта өзінің өмір картинасын жаза алмады.

— Әйелі, қызы туралы айтпай ма? — дедім Бибайша апаға соңғы сұрақ қойып.

— Жок. Есін енді жинап жатқанда, оған ондай ауыр сұрақ қоюдың өзі қиын екен. Біз үшін де бұл қуаныштың салмағы жеңіл соғып тұрған жоқ. Жақыныын жоғалтып, оны мынадай аянышты күйде табудан артық қандай қасірет болсын?! Жақындарымызды жоғалтпайықшы! Жатжұртқа барып ақша тауып, май шайнағанша, ел ішінде жүріп, қара шай ішкен артық. Менің ойымша, шетелге шығып жұмыс істеу онай шаруа емес. «Қайда барсан қазанның құлағы төрт» деген. Жастар осыны ескерсе екен!

Жарас КЕМЕЛЖАН

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



Тіршілік

Биыл көктем салқын болды. Күн қобағы ашылмаған соң, Көкшетаудағы саяжайлар басындағы жұмыс әлі қарқын алып кете қойған жоқ. Біз аддымен Ақмола облысының Зеренді ауданындағы саяжайларды араладық. Оң қанаттағы саяжайлардың сау тамтығы жоқ. Осы арада барлық саяжайлардың тек 31 пайызы немесе 7349-ы ғана пайдаланылатындығын айта кетуге болады. Бұл сөздің астарында Көкшетау қаласының тұрғындары саяжай нәпақасын дұрыс ала алмай отыр деген ой жатыр.

«Дачник» тұтынушылар кооперативінің төрағасы Алексей Шумейко «Соңғы жылдары қала тұрғындарының жерге деген ынтасы қайтадан өсе бастады», — дейді. Оның айтуынша, иесіз қалған саяжай өте көп еді. 2014 жылдан бастап бос жатқан жер телімін біртіндеп бере бастады. Әйткенмен, мұның өзі қәдімгідей үлкен мәселе тудырып отыр. Жерге ықылас көбейген соң алысатар да пайда болды. Сондықтан, біз өзіміздің кооператив кеңесінде ақылдаса келе, қалалық жер бөліміне осы мәселені қайта қарап, нақты ереже түзу керек деген ұсыныс жасадық. Айталық, бір адамдар жер

САЯЖАЙДА САНСЫЗ САУАЛ

телімін алуын алғанымен, ондаған жыл бойы саусағын қимылдатпайды. Іс жайын терен түсінбейтін адамдар онда тұрған не бар деп ойлау мүмкін... Егер, барлық жер телімі бірдей пайдаланылса, төлемақы да тең әрі арзанға түсер еді. Бұл жолға да қатысты. Мәселен, саяжай ішіндегі қоғамдық көлік жүретін жол қалаға тиесілі. 2017 жылы жергілікті бюджеттен 15 миллион тенге қаржы бөлініп, жөндеу жұмысы жүргізілген. Ал саяжайлардың ішіндегі жол кооперативтің мойнында. Бұл орайда да көптеген саяжай пайдаланылмай жатқандықтан, жолды күтіп ұстау, жөндеу жанағы аз ғана



топтың еншісінде. Олардың көпшілігі зейнеткерлер екенін ескерсек, оларға онайға түспейтіндігі белгілі.

Бір кезде Көкшетау қаласындағы саяжайларды дамыту бойынша арнайы бағдарлама қабылданған. Қала басшылығы мен бау-бақша серіктестігі меморандумға қол қойған. Осы келісім негізінде жалпы жұртшылық пайдаланатын жол құрделі және орташа жөндеуден өткізілді.

Енді бұл мәселені қалай шешуге болады? Біздің ұсынысымыз мынадай, пайдаланылмай жатқан саяжай телімдерін қайтарып алып, шын мәнінде жерде жұмыс істегісі келетіндерге беру керек. Соңғы жылдары сұраныс өсе бастаған соң, бір кезде сырт аймақтарға көшіп кеткендер де өздерінің жер телімін талап етуде. Жер емшегің ему үшін емес, сату үшін.

Көкшетау қаласының тұрғыны Сағат Әшірбеков «Көршілеріміз өз жер телімін күтпегеннен кейін төңіректің бәрін арамшөп басып кетті», — дейді. Жыл сайын тұқым шашатын болғандықтан, бой бермей бара жатыр. Әрі қираған, қабырғалары ырсыып тұрған кезде көрер көзге үрей үйірледі екен. Өткен қыста су құбырын кесіп әкетті. Тіпті құрқытпайдың ұясындай ғана кішкентай саяжайымның төбесіндегі темір тіреуіштерді де алып кетіпті. Көктем шыққалы осыларды жөндеумен әлекпін. Мұндай жай жалғыз биылғы қыста ғана емес, бірнеше жылдан бері қайталанып келеді.

Саяжай төңірегінде өршіп тұрған ұрлық жайын кооператив төрағасы да жасырып отырған жоқ. Мұндай келенсіз көрініс жыл сайын қайталанады екен. Биыл саяжайдағы ұрлықтан 1 миллион 800 мың тенге зиян келген. Ұрылар Зеренді ауылының тұрғындары екен. Қолға түскен кезінде машиналарына кесіп салып алған құбырларын ғана мойындаған. Саяжайды аусыз тонайтын ұрылар су құбырларын, сымды, шаруашылық заттарын жымқырып кетеді. Өткен қыста «Тектильщик» кооперативіне 180 мың теңгенің шығын келтірсе, «Минтрансстроец» кооперативіне 560 мың тенге зиян келген.

Өткен жылғы су тасқыны кезінде Краснояр бағытындағы саяжайларды су басып қалып, біршама шығынға ұшыратқан. Бұл жерде су жинайтын котлован бар, саяжайларға су осы көзден таратылады. Су тасқыны жинақтаушы котлованды шайып кетіп, бес бірдей кооператив бүкіл жаз бойы сусыз қалған. Мұндай жағдай қайталанбас үшін қазір скважина қазылыпты.

Байкал БАЙӘДІЛОВ,
Көкшетау қаласы



Біздің сұхбат

Медицина – жауапкершілігі мол, жүгі ауыр саланың бірі. Сондықтан кез келген адам біліктілік пен аса шыдамдылықты талап ететін жауапты мамандықты жоғары деңгейде меңгеру оңай емес екендігін мойындайды. Бұл саланың маңыздылығы сол, дәрігердің жұмыс барысында ешқашан қателесуіне болмайды. Сол себепті дәрігер үнемі тәжірибелік білімін жетілдіріп, ізденіс үстінде болып, ем жүргізудің барлық тәсілін жетік меңгеруі тиіс.

Бүгінде адал еңбегімен абырой тұғырына көтеріліп, өз міндетін жауапкершілікпен атқарып жүрген №4 Алматы қалалық ауруханасының ортохирургия бөлімінің меңгерушісі, жоғары санаттағы дәрігер Мейрамбек Жұмағұловпен әңгімелесудің сәті түсті.

Jas qazaq: Мейрамбек Оңғарұлы, сіз күрделі мамандықты игеріп қана қоймай, өз ісіңіздің кәсібі білгірісіз. Хирургия саласында тынбай еңбек етіп келесіз. Алғаш рет бұл мамандықты таңдауыңызға қандай себеп әсер етті?

М.Жұмағұлов: Бала арманым осы кәсіптің иесі болуыма жетеледі десем қателеспеймін. Кішкентай кезім болатын. Дәл қанша жаста екенім есімде жоқ. Қолымды абайсызда ит тістеп алып, анам мені дәрігерге апарды. Біз шалғай ауылда тұратынбыз. Ал аурухана

алдым. Ал Еуропа елдерінде жыл сайын ортопед, хирург мамандарының конференциясы ұйымдастырылады. Мүмкіндігінше жылда барып қатысып тұруға тырысам.

Jas qazaq: Ауруханаға күрделі жағдаймен түскен наукас қандай жағдайда тегін ем ала алады? Электрондық порталдан бөлек қандай жеңілдік бар?

М.Жұмағұлов: Еліміздің кез келген азаматы, кез келген ауруханада жоспарлы түрде тегін ем алуға құқығы бар. Біздің ауруханаға келген емделуші квота жасата алады. Олар кез келген



отаны тегін жасауға мүмкіндігі бар. №4 ауруханада травматологиялық, ортопедиялық бағытқа басымдық берілген. Көп салалы аурухана болғанымен де травматология көбірек жүреді. Сол үшін бұл орталықта бірнеше травматологиялық бөлімше бар. Олар: ортопедиялық хирургия, буын алмастыру, политравма алу, күйік жаракатын емлеу, іріңді хирургиялық бөлімшесі бар. Ал осы іріңді хирургиялық жолмен емдейтін бөлімше онтүстік аймақ бойынша осы ауруханада ғана бар.

Jas qazaq: Аурухананы дәрі-дәрмекпен қамту мәселесі қалай жүзеге асырылуда?

көбейсе, олардың бәсекесі де артады. Есесіне, шетелден жоғары сапалы құрал-жабдықтар әкелінеді.

Jas qazaq: Дәрігерге деген халықтың сенімін арттырып, қоғамдық пікірді дұрыс қалыптастыру үшін не істеу керек?

М.Жұмағұлов: Халықтың арасында дәрігерге деген әр түрлі пікір қалыптасқанын білеміз. Кейбірі дәрігерлерге сене бермейді. Ол сенімді арттыру үшін дәрігер өзін үнемі дамытып отыру керек. Мысалға айтатын болсам, қандай да бір отадан кейін наукаста асқынулар болуы мүмкін. Ал енді халықтың сенімін ояту үшін мұндай асқынуларды мүлдем болдырмау қажет. Қалалық ауруханаларда барлық құрал-жабдықтар бар. Ал аудандық, ауылдық аурухананың деңгейі әлі де төмен. Осы аймақтарда тұрып жатқан халық бұған кінәлі емес қой. Сол үшін ол жақтың да медицинасын дамытқан жөн. Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов дәрігерлердің құқын қорғайтын мәселе көтеріп жүр. Оқыс жағдайларда, болмаса алғашқы көмек көрсету кезінде наукас оқыстан қайтыс болып кетеді. Осындай жағдайларда дәрігерді кінәлап, сотқа сүйреп жатамыз. Сондықтан дәрігер құқығы да қорғалу керек деп ойлаймын. Қазір адамдар жай ғана ауруханаға келіп УДЗ болсын, баскасы болсын, кезекке тұрып қалса да дәрігерлерді кінәлап, тиісті орындарға қонырау шалып жатады. Ал шетелді алатын болсақ, Испания мен Германияда адамдар УДЗ-ға бір ай бұрын жазылады. Сондай-ақ дәрігердің бақылауына да бір ай бұрын жазылады. Кейбір адамдар қол-аяғы сынған жағдайда сынықшыға барып салдырады. Ал сол сынықшы наукасқа дұрыс көмек көрсетпей,

«Халықтың өмір сүру ұзақтығының өсуіне және медициналық технологиялардың дамуына байланысты медициналық қызмет көрсетуге деген сұраныс көлемі арта түсетін болады. Қазіргі денсаулық сақтау ісі қымбатқа түсетін стационарлық емге емес, негізінен аурудың алдын алуға бағытталуға тиіс. Саламатты өмір салтын насихаттай отырып, қоғамдық денсаулықты басқару ісін күшейту керек»

(Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауынан)



Кәсібіңе басымды ием!

мүгедек болып келіп жатқандар бар. Дұрыс салынбай, аяқ-қолы қисық болып қалатындар да кездеседі. Бізге жедел жәрдеммен келіп тұрып, сынықшыға салдырамын дейтіндер бар. Бір мысал келтірейтін. Сынықпен түскен бір наукас біздің көмегімізді қабылдамай,

сынықшыға жүгінді. Ал сынықшы қолын дұрыс салмай нерв жүйесін үзіп жіберген. Енді ол адамның қолы жарамайды. Осыған ұқсас оқиғалар көп кездеседі.

Jas qazaq: Бұл ауруханада цифрландыру жағы қалай жүзеге асуда?

М.Жұмағұлов: Біздің № 4 қалалық аурухана медициналық құжаттарды цифрландыру жүйесіне көшіру бойынша нақты жұмыс жүргізуде. Қазіргі кезде аурухана қажетті тахникалық құралдармен, интернет жүйесімен толық қамтылған. Бұл жүйе дәрігер уақытын үнемдеп, наукастарға сапалы әрі жылдам қызмет көрсетуге өте қолайлы. Еліміздің денсаулық сақтау саласын дамытуға мемлекет тарапынан қолдау көрсетілуде. Бұл халқымыздың денсаулығы үкіметті бей-жай қалдырмайды деген сөз. Сондай-ақ Елбасының Жолдауында айтылған бағдарламалар еліміздің денсаулық сақтау саласын жақсартуға арналған тың бастама.

Jas qazaq: Жастардың медицина саласына қызығушылығы қаншалықты деп ойлайсыз? Өзіңіз бағыт-бағдар нұсқап жүрген шәкірттеріңіз бар ма?

М.Жұмағұлов: Біздің кезімізде медициналық оқу 7 жыл болатын. Қазіргі студенттер 10 жыл оқиды. Біз мысалы бір жыл хирургияны оқыдық та бірден практикаға еніп кеттік. Бұл жаңадан келе салған студентке практикаға ену қиын. Ал енді қазіргі медициналық университеттерде жалпы медицинаны оқығаннан кейін, үш жыл қатарынан өзі таңдаған саланы практикамен байланыстырып оқиды. Бұл резидентура деп аталады. Ол маман кез келген отаны жасауға дайын болады. Біз отаны кемінде 3 адам жасаймыз. Оның біреуі операцияны

жасайтын негізгі адам, ал жанындағы екеуі — ассистенті. Ол отаның қалай жасалып жатқанын көріп тұрады. Ал менің шәкірттеріме айтатыным сендер менің істегенімді қайталамаңдар деймін. Себебі көзбен көріп ота жасауға болмайды. Ол үшін осы отаны қалай жасауға болатыны туралы кітаптарды қарап, әдебиеттерді aktарып, салыстырып дұрыс жолын алыңдар деп кеңес беремін. Мысалы, бір ауруды бірнеше әдіспен емдеуге болады. Сол әдістердің қайсысы

Мейрамбек ОҢҒАРҰЛЫ:

ДӘРІГЕР ҮНЕМІ ІЗДЕНІСТЕ БОЛУЫ КЕРЕК

аудан орталығында болатын. Дәрігер менің жаракатымды емдеп берген еді. Ауылға қайтар сәтте анам маған балмұздақ әперді. Сол балмұздақтың дәмі әлі күнге дейін есімде қалды. «Егер дәрігер болсам, орталықта тұрамын. Күнде балмұздақты да жеймін» деген балалық арман пайда болды. Осылайша дәрігер мамандығын таңдауыма балмұздақтың тәтті дәмі әсер етті. Есейе келе де ойымды өзертпей дәрігер боламын деп шештім. Оқуымды аяқтағаннан кейін Алматы қаласындағы С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-ға оқуға түстім. Дәрігер біліктілігін алғаннан бастап хирургия саласын таңдадым.

Jas qazaq: Қазір дәрігер наукасты емдеуден бөлек әрдайым ізденісте болуы керек. Бұл — уақыт талабы. Осы орайда біліктілігіңізді қалай арттырып жүрсіз?

М.Жұмағұлов: Дәрігер күнде оқып отырмаса, әр түрлі әдебиеттермен таныспаса болмайды. Қазір қолданған әдіс он жылдан кейін ескіріп кетуі мүмкін. Университет бітіргеннен кейін №4 қалалық ауруханаға травматолог болып орналастым. Өз кәсібім бойынша білімімді Мәскеуде шыңдадым. Сондай-ақ тәжірибе жинақтау мақсатында Оңтүстік Корея, Германия елдерінде білім

М.Жұмағұлов: Бізге көбінесе ауру сезімін басатын дәрілер қажет. Ал отада қолданатын медициналық құрал-сайманның жөні бөлек. Мысалы, адамның тізесіне қажет жасанды буындар. Құралдар өте қымбат тұрады. Қажетті құрал-жабдықтарды мемлекеттің көмегімен тапсырыс арқылы аламыз. Тізе, жамбас буынын айырбастауға, сынықтарды бекітуге арналған құралдар наукастарға тегін қолданылады. Құрылғы қанша адамға қажет болса, мемлекетке сонша тапсырыс бере аламыз.

Jas qazaq: Отандық медицинаның даму қарқыны жаман емес. Дегенмен әлі де болса жетілдіру үшін не істеуіміз қажет?

М.Жұмағұлов: Медицинаның әрі қарай дамуы үшін медицинасы қарқынды дамыған мемлекеттердің тәжірибесін алуымыз керек. Біздің аурухана сол бағытта жұмыс істеп жатыр. Қазіргі оталар дамыған мемлекеттердің әдісімен жасалады. Ал бір жағынан медицинамызды дамыту үшін экономикамыз да дамуы керек. Бизнес дамыса, медицина да ілгері жылжиды. Медицинаны дамытуға да көп қаржы бөлінеді. Оның барлығы қаржыға келіп тірелетін нәрсе. Бизнеспен байланыстырған себебім, наукасқа қажетті құрал-жабдықпен қамтамасыз ететін бизнесмендер. Егер олар

наукастың дертін тез арада анықтап, оларды уақытында емдеуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда наукастардың электронды тіркеуі, емдеуге жатқызу порталы және емханаға бекітілетін халықтың тіркеуін әзірлеу жұмыстары жолға қойылған.

Серікбол Түсіпбеков, Балқаш қаласы №1 диагностикалық емханасының басшысы: «Цифрландыру бағдарламасы денсаулық сақтау жүйесін, үйге жедел жәрдем мен дәрігерді шақырудан бастап бүкіл профилактикалық, диагностикалық және емдік медициналық қызметтерді толық қамтуы тиіс. Бұл ретте осы қызметтердің барлығы өзара байланысып, бірыңғай ақпараттық жүйеге біріктірілді. Осыны ескере келе, Елбасы тапсырғандай, денсаулық сақтау саласын цифрландыру арқылы медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттырып, халық үшін қолайлы медициналық қызмет жасаудамыз. Бұл орталық Қарағанды облысы бойынша ең ірі емхана. Ал емханадағы цифрландыру жүйесі 2016 жылдан

қосымшасын пайдаланады. Осы қосымша арқылы дәрігерге кезекке жазылып, қажетті анализінің қорытындысын көре алады. Қазір біздің ауруханада қағазға толтыру деген атымен жоқ. Құжаттардың барлығы электрондық жүйе арқылы жүргізіледі».

Электронды денсаулық паспорты арқылы дәрігерлер наукастың денсаулығына қатысты барлық ақпаратты алатын болады. Сол сияқты емделушілер де аталған ақпаратпен танысып, медициналық қызметті бағалай алады. Базада электронды денсаулық сақтау паспорты, наукастың және дәрігердің жеке кабинеті ашылып, ол жерде қажетті ақпарат алмасуға мүмкіндіктер бар. Жүйенің артықшылығы сол,

дәрігерлердің есеп тапсыруы да электронды түрде жүзеге асырылады. Қазір мен бөлімменен шықпай-ақ әр дәрігердің кімді қабылдап отырғанын, кімге қандай бағыттама бергенін бақылай аламын. Қажетті есепті да қарай аламын. Бұрын қалай болатын? Мен белгілі бір есепті алу үшін барлық дәрігерді жинайтынмын, қажетті есептерді әрқайсысына бөліп тапсыратынмын. Ал қазір ешкімді шақырмай-ақ



ЦИФРЛАНДЫРУ – ҚОЛАЙЛЫ ЖҮЙЕ

«Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет. Елде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлық қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын және басқа да перспективалы салаларды дамыту керек»

(Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауынан)

Қызмет

Елбасының Биылғы Жолдауын жүзеге асыру мақсатында «Халықтың денсаулығы мен денсаулық сақтау жүйесі туралы» жаңа жүйе әзірленген болатын. Бұл жүйе еліміздегі медицина саласын цифрландыруға бағытталған. Қарағанды облысына қарасты Балқаш қаласында орналасқан №1 диагностикалық орталыққа бас сұққанымызда, емханадағы оң өзгерістерді байқадық.

Орталық балқаштықтарға ғана емес, сол маңдағы өзге де елді мекеннің тұрғындарына қызмет көрсетеді екен. Ал қазір бұл аймақта шамамен 150 мыңнан астам халық тұрады.

Сонғы озық технологиямен жабдықталған флюорографиялық аппарат, лор-комбайн және УДЗ катерлі дертті дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді. Қазірдің өзінде жаңа қондырғыларға қаралу үшін ауыл-аймақтан келіп жатқан жұрттың қарасы қалын. Орталықта наукастарды қабылдау ауылдық емхана мамандарының бағыттамасы арқылы немесе азаматтардың өз өтініші бойынша жүргізіледі. Медициналық қызметтің кешенді түрі орталыққа келген әрбір наукасқа тегін көрсетіледі. Кешенде окулист, лор, кардиолог, пульмонолог, нефролог, ревматолог, эндокринолог, функционалдық және эндоскопиялық диагностика дәрігерлері бар. Орталықта жоғары сыныпты УДЗ аппараты, көз және тыныс жолдары органдарының патологиясын анықтайтын аппарат бар. Бұл аппараттар



Мұнда шалғай ауылдарға дейін кешенді медициналық көмек жұмыс істейді. Қазіргі уақытта біздің барлық дәрігерлер, сонымен қатар қала тұрғындары «ДамуМед» смартфон

күнделікті есепті бақылай аламын. Алғашқы кезде тұрғындар электронды жүйеге үйрене алмады. Себебі қарт адамдар қағазбастылық, құжат толтыру сынды мәселелерден біразға дейін арыла алмай жүрді. Енді қала тұрғындары бұл жүйеге біртіндеп үйреніп келеді. Жастар жағы әр уақытта да жаңа нәрсені тез қабылдайды. Бұрынғыдай емхананың ішінде кезек күтіп, шаршап-шалдығып тұрған адам жоқ.

Қазір сандық технологиялар жылдам дамып жатыр. Бір-екі жылдан кейін бұл жүйе де кез келген медициналық ұйымда күнделікті үрдіске айналады.

Медицинадағы цифрландыруға біз мақсатты түрде біртіндеп көшіп жатырмыз. Цифрландырудың ең тиімді тұсы — дәрігердің де, наукастың да уақыты тиімді жұмсалады.

Макпал НОҒАЙБАЕВА,
Қарағанды облысы

Естелік

(Соңы. Басы өткен санда.)

Жұмыр басты пенде не ойламайды, есіне не түспейді, көз алдына не елестемейді. Ораш аты аталған сайын, сөремдегі кітаптарын көрген сайын оның кабинетіме еркелене шайқала басып кіргенін, жымындап тұрып сөйлескенін, қиық көзі жұмыла күліп, қолымды қысып қоштасқанын, ақын Нұтфолла Шәкенов жазғандай, кеудемде суреті қалғанын сезінемін. 1993 жылғы мамырдың 3-і күні сағат 12 мөлшерінде:

— Можно? — деген ол, есікті айқара ашып. Еркелене әзілдескісі келгенде әуелі орыстың осы сөзін алдына сала сөйлейтіні бар еді.
— Всегда можно! — дегенмін, көңілінің желпінісін қоштап.
— Құдай косса, ертең Делиде отыратын болдым, Ғаба-аға!
— Түркияға қашаннан бері Дели арқылы ұшатын болыпты?
— Маршрутты өзгерттім. Үндістанға баратын болдым.
— Е, неге? Түркияға бармайсындар ма, ол кейінге қалдырылды ма?
— Олар ертен ұшады, ал мен бүгін кешке ұшамын.
— Мұның қалай?
— «Адам айдаса — барман, дәм айдаса — калман» емес пе, Ғаба-аға? Маған Үндістанға жол түсті.

Орекен ойда жоқ әңгімені қозғады: — Мен туралы ертен естелік жазасыңдар ғой, қазір «Мен бар, Мұхан бар» деп жазып жатыр ғой... — деп аяғын әзілге бұрып жіберді. Сол сәтте мән бергенім жоқ бұл сөзге», — деген сөйлемі жүрегімді жұлқып қалды...

Ораштың иегін мығына бұра көтеріп, көзін жұма сылқ-сылқ күлген жайдары бейнесі санамның сахнасына шыға қалды. «Ғаба-аға, кейіпкеріңіздің кім екенін айтып берейін бе, бәстесесіз бе?» — деп еркелене айтқан әзілін қайталап естігендей сағынышты күй кештім. «Бәс!» дегенмін мен. «Үш жол трынька!» — делі ол. «Жарайды!» дедім. «Өзіміздің көрші ағамыз Нүкені» делі ол. Мойындадым. Нүкені — ақын Нұтфолла Шәкенов ағамыз. Ол кісі кім жөнінде, мәселен: Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов... туралы болсын әңгіме айтқанда, әуелі өзін мәтихтап: «Анау жылы мен бар, Мұхан бар», «Бірде мен бар, Сәбен бар» деп бастайтын. Сол әдетін арқау етіп сыяқ әңгіме жазғанмын. «Қазақ әдебиетінде» шыққан. Әрине, онда кейіпкердің ныспысы басқа, ал тақырыбы — «Мен бар, Мұхан бар...». Ораш Делиде соны аузына алдыпты...

Адами тірліктің тіні — естелік. Санаң кіргеннен дәмін таусылғанға дейін миына сенің еркінсіз-ақ сіңе береді де, сен жолай керек еткен сәтте матаның суыртпақ ұшығынша шыға келеді. Ірісі мен ұсағы, ыстығы мен суығы, қымбаты мен арзаны... Маған Ораш жайындағы естеліктерім тым қымбат. Қосымша айтар бір ерекшесі — Біржан сал мен Ақан серінің... Көкшесіндегі сәттеріміз.

Жылы үйден салқын далаға шықтық. Оншақты кісіміз. Ақшам әлпеті. Ұйқыға бағынар

деп Совет аудандық және қалалық партия комитеттеріне телефон соғып, Жазушылар одағының партком мен кәсіподағы менің тәртібімді қарап, сөгіс берді емес пе? Сөйтіп жүргенде сен кекеп-мұқасан, ондайда шыдау қиын шығар? — дедім, өткендегі қиянатты есіме алып, онша көңілдене қоймай.

— Мен үйі шынында нашар салынған болар деп ойладым. Сіз оны тез салдыруын тез-ақ салдырдыңыз, қырық пәтерлі үйіңіз айналасы жарты жылда дайын болды ғой. Бір күні жұмыстан түскі үзіліске келіп, үйдің сыртқы қабырғасын көзіммен сүзіп тұрсам, дәл ортасында тігінен тік санылау көрінді, теңді бұған тәріздендіріп ораған жалпақ қанылытұрдың жиегінен. Е, мынаның жартысы қисайынқырап кеткен екен де, сыммен тартып орап, ақ қанылытұрмен жауып қойған екен» деп білгіштігім ұстап, соны ретін тауып сізге айтпаймын ба?! — деп Оралхан тағы күлді де: — Сіздің сол ренішіңізден кейін, ертеңінде әлгі прораб жігіттен — Қырғыз әліден ақ қанылытұр белбеудің не екенін сұрасам, ол: «жердің сілкінісіне қарсы жасаған жік, ол үлкен үйлердің бәрінде болады» деп, жақсылап түсіндіріп берді. Білмейтін нәрсеге, тіпті білудің қажеті жоқ нәрсеге шынында басты ауыртпаған дұрыс екен. Ал сізге шағынған Сайлау да кіріспеске кірісіп, әңгіменің ажарын бұзады, сөздің сәнін кетіреді. Былайда іскер, пысық, адал жігіт, тек артығырақ ішіп қойып, қыстырылып кеп отырады. Бағана, рас, оқыс тойтарып тасталдым. Ол — өзімнің жанторсығым, танертең жарасып кетеміз. — деп күлген Ораш қолын қолтығыннан алып, былғары пальтосын сықырлата сілкінгендей қимыл жасады.

— Үйге оралайық па, тонып кетпейсің бе? — дедім, бұрыла тоқтап.

ОРАШ

— Тона қоймасын. Алтайдың ақ көрпесін оранып, азын жұтып өстік қой. Көкше қысының шымышығаны қайтер дейсіз, аппақ қарын кеше түсейік, мамықтай болып моп-момакан жатыр екен...
— Тоңып қалмасан болды, тоқтышақтың терісі емес үстіндегің.
— Аға-еке, адалын айтыңызшы, менің редакторлыққа тағайындалуыма себепші болғаныңыз рас па?
— «Себепші болды» деп кім айтты?
— Түйсігім айтты, — деген Оралханның даусында әлдебір ширығудың шыңылтыр табы бар сияқтанды.

— Бауырым, Ораш! Сен — ісі қазаққа сол түйсігіңмен танылған жазушысың. Құдай бергенін алмасын, тіл мен ой жарысында сенімен үзетінқағыстырар қалам иесі сирек. Мен осыған сүйінемін. Ал соңғы он шақты жыл бойы тікелей сенің күшіңмен шығып келе жатқан «Қазақ әдебиетіне» газетші-журналистік өресі сенен төмен жандардың бірінен соң бірі жоғарғы жақтың қалауымен редактор болып келетініне күйінетінмін. Сол күйінішімді Одақтың жана басшысы Қалдарбек Найманбаевқа айтқаным рас: «Оралхан Бөкеев орынбасар болып отыра берсін деген қаулы бар ма еді, бұл неткен жөнсіздік? Цеқанмен сөйлес, мына редактор жоғарылайды деседі, орнына Оралханды бекіттір!» дедім. Қалдарбек «аға-екелеп» жүрген інілерімнің бірі ғой, қатты айттым. Ал соным бірден-бір себеп болды ма, жоқ па, — оны білмеймін, хатшы маған есеп бермейді ғой, — деп сөзімнің соңын әзілге сүйедім.

— Сіздің қаныңызда да жерлесшілдіктің түйіршігі бар болғаны ма? — деді Ораш ойнақы үнмен.
— Медицина тіліне ойыстың-ау? — дедім қарымта іздеп.

— Көп ауырган адам дәрігерге айналатын тәрізді, — деп сәл күрсінді.
— Солай ма?.. Ол да мүмкін...
«Еңбекшілер» ауданы шегіндегі қалың орман ішінде орналасқан демалыс үйінің ақ сәуле құйылған аппақ ауласын қиып кету оңай еместей. Дізген көме жатқан жұп-жұмсақ мамықтай қарды кешіп жүре бергің келеді. О тұс пен бұ тұста күрөденің көрініп тұрған әлде орындықтың, әлде балалар әткеншегінің арқалығы, әйтеуір, сол күні аспаннан толассыз төгілген ақ ұлпаның астында қалған әлдебір ағаш нәрселер көрпесін мықтап қимтығаны, ұзақ ұйқыға кеткендей. Бәсекелескендей жарыса биік өскен қарағайлардың бұтақтары да ақжалданып тұр. Оралханның шығармаларындағы Алтай қысының суреттерін еске түсіреді. Оралхан суретінің бояуы, әрине, бұдан көп қанық. Жыл мерзімдерінің қайсысын сипаттаса да, көзбен көргеніннен әлдеқайда көркем болып шығады. Адамның жан-дүниесін бейнелеп беруі де ғажап! Оралханның ой-қаламына іліккен нендей тірлік, нендей құбылыс болсын тылсымдығынан айырылып, құпиясын ашып, бірақ оқырманын тың ойға, тың толғанысқа тартып, жана арнада мың бұралады, жүрегіне құйылады да, әрқайсысы өзіне тән келбет-кейпін табады.

Мен осындай бір ойға беріліп, жанымдағы Оралхан інімнің жазушы-суреткерлік шеберлігіне іштей мақтанышымен марқайған едім. Көз қияғымды тастасам: Ораш екі қолын жанқалтасына салып, ақ киіз айыр қалпағының үшкіл алды ағындағы ақ қайықтың тұрмысығынша көтеріліп, әлдебір алсықа басын сұл қисайта асқақ қарап келеді екен.

«Тәкәппарсын-ау, бауырым! Бірақ саған тәкәппарлық жарасады! Еңсенді биік ұстағанын жарасады!» деген көптен бергі ойымды іштей және бір қайталадым. Өзі бір құлшыныспен, құмарлықпен бейнелеген, ауызша әңгімелерінде де қызына жиі айтатын Кербұғысындай керімсал тұғалы қаламгер Оралхан Бөкейұлымен Алтай-Алатаудың, енді, міне, Көкшешені ауасын бөлісіп жүргеніме іштей тағы да тәубә еттім. Оның жанағы «жерлесшілдіктің түйіршігі» туралы әзіл сұрағын жауапсыз қалдырғаным есіме түсті.

— Оралхан, жерлесшілдікті әркім әрқалай ұғады ғой, — дей бергенімде:
— Иә, айта беріңіз, — деді салмақты үнмен. Сауалына жауап күтіп келе жатқан болды ма? Менің жауап ұсынарымды тосқан ба?

www.jasqazaq.kz

E-mail:
jas_qazaq@mail.ru

9

— Айта берсем: көп сөздің қажеті жоқ, мен — жерлесшілдіктің сырқатына шалдықпаған адаммын, одақта аралас-құралас, қызметтес болған үлкен-кішінің ешқайсысы маған онда кіна таға қоймас. Ал жерлестерімнің жақсы іс-әрекеттеріне жаналықтарына, табыстарына ашық қуана аламын, атап айтамын да. Реті бар, жөні бар көмек күткендеріне қолұшымды қорғанбай беремін. Шығыс Қазақстанның, Алтайдың атына кір келтірмегендерге, «кір келтірмес-ау» деп білгендеріме жәрдемді аяған емеспін, әлі де аямаспын. Туған топырағының қадірін білмейтіндермен, төңірегін ластап жүретіндермен жерлес болған емеспін, бола да қоймаспын. Басқа облыстардың үлкен-кіші жазушыларымен қарым-қатынаста да әу бастан бағдарым осындай. Әдебиетімізді силағанды, қаламгер атын силағанды құрметтеймін, ал керісінше қылық көрсететіндерді суқаным сүймейді...
— Білем, аға-еке, білем! — деп Оралхан қайтадан ойнақы қалыпқа көше сөзімді бөлді де: — Литфонда директор болып тұрғаныңызда өзін «тірі классикпін» деп санайтындардың екеу-үшеуінің дертесін қайырып берісіз? — деп күлді.

— Иығымен үркітіп-қорқытып алуға тырысқандар болды, өздерімен кетсін, еске алуға тұрмайды, — дедім. Оралхан ақ қалпағының «тұмсығын» тағы да көтеріп:
— Рас айтасыз. Бұл жалғанға келген соң аз жасаймыз ба, көп жасаймыз ба, көмүсіз қалмайтын таза тірлік жасағанға не жетсін! — деп бастап, мен күтпеген шешіліспен сөйлеп кетті.

Қалайда бір қатқыл, тәкәппар үнмен күрделі, көркем түйіндерді тастап-тастап жіберді. Мен түсіне алмадым. Не айтқанын емес, неге шырққанын, соншама шырғығысына не себеп болғанын түсінбей қалдым. Ал не айтқаны жадымда. Ол қаламгердің Ар тазалығын айтты. Жадымда әлі күнге жанғырығып тұрса да, оны Оралханның тілімен беруге құдіретім жетпейді. Өзімнің тіліммен мазмұндайын:

«Қаламгер қай халықтың қанынан жаралса — сол халықтың қанымен өмір сүруі керек. Халықтың қаны — таза қан. Қаламгер таза сөйлеуге, таза жазуға тиіс. Қаламгер қаншама ұлы, данқты болса да, ол халқынан ұлы, халқынан данқты емес. Аспан асып кетсең де — айтарға ғана; ертен халқыңның алдына қайтып келесің; көзінді жұматын, дененді жуатын, ахиретке таза арулап орайтын — халқын. Жарық дүниеге таза келің — Жарық дүниеден таза өткін. Осыны ұмытатынымыз бар. Құдай берген қаламгерлік қабілетіміз бола тұра атаққа, лауазымға, тіпті таққа да таласамыз. Әдебиет мерейін мансаптың қанжығасына байлап береміз. Жарайды: таласайық, болайық. Бірақ болып алған соң әдебиет мерейінен бұрын жеке басымыздың қам-қарекетін күйіттеп кететініміз қалай? Өзінен асып тұрған дарын, талант жоқтай бұ дүниенің кемесіне өзі ғана мініп,



Әкесі мен анасы, жиені, қарындастары Мәншүк, Галия және Оралханның өзі.

басқаны маңына жуытпайтындар бар. Көріп жүрміз: әдебиет ауылындағы сый-сияпатты өзінін ғана несібесі деп, артылып бара жатқаны болса, оны өзінін дос-жаранына, жерлесіне, шашбаулаушысына ғана тиесілі, деп білетіндер бар. Оларға дарын, талант керек емес, оларға құлқын-қарын, ат-атақ керек. Басқаның алтын-күмісін «темір» дейді, өзінін сілекейін «бал» дейді. «Бәйгені қазақ әдебиетінің тұлпары алсын» демейді, «аталас жерлесімнің тулағы алсын» дейді.

Міне, ар-иманды қаламгердің жолын кесетін, жігерін құм қылатын, жүйкесін жұлмайтын, күнінен бұрын қартайтатын, керек десеніз, мынау көз қимас ғажап сұлу табиғаттың ыстық құшағынан ертерек, тіпті ерте ажырататын имансыздық — осы! Бұдан арылмайынша, құтылмайынша дәл мына біздің ортада дара дарын, тарлан талант дәл мезгілінде, дер уақытында, көзі тірісінде таныла қоюы екіталай немесе тым сирек. Әу дегенде олардың қай жатқан, қай жүзден екенін өзгеден де, өзінен де сұраймыз, көңіліміздегі немесе қойын дәптеріміздегі «өзіміздің жігіттердің» тізімінен іздейміз, оның өзіне, кітабына жол ашу-ашпау сол тізімде бар-жоғына қарай; «өзгелердің» сілесін қатырамыз, сөйтіп оларды ары жүр мен бері жүрге саламыз, сайгүлік пен сасықтымықты әдейі шатастырамыз...

Біздің кешкі серуенімізді, ақтығында Оралханның ой серуенін: «Ау, жігіттер, қайдасындар, ұйықтамаймыз ба?» — деген дауыс кідіртті. Өзі барып ұйықтай бермеген қайсысын едің, ей!..

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ,
2009 жыл

мен «сөнуді» түсінбейтінмін, кейін аңдалым. Оралхан ғұмыры сол бейнелі сөздің мәнін және бір растады-ау!.. Шыңғыстай мен Дели арасын жалғаған қысқа ғұмыр!..

Әдебиетіміздің классигі Оралханның бақиға бет түзгеніне 7 жыл толған күні — 2000 жылғы мамырдың 17-сінде кітап дүкенінен «Оралхан» атты жинақты көріп, сатып алдым да, кеште оқи бастап, таң қыланды тәмам еттім. Құйынсезімнің құзырында болдым... Жинақты құрастырған Райхан Мәженқызына, Орашты еске түсіргендердің баршасына алғысым шексіз!..

Жинақта Нұртөре Жүсіп ініміздің Оралханды еске ала айтқан: «Ағрада сәл аялдаған тұс болды. Мәшинеге отыра бергенде

қызметінде, сөз-тілегінде қапы-жанұлыс жоқ. Жаңсақ жәйт мейман өзімізде болмаса... Далаға шығуымыздың қосымша себебі сондай бір жәйттен еді.

— Ораш, менімен бірге қар кешіп қайтуға қалайсың? — дедім Оралханға дастархан жиналып, ас қайырылған сәтте. Ол бетіме барлай қарады да, сәл жымиып:

— Пионер болғанымыз бекер ме, «Всегда готов!» — деді. Ал далаға шыққан соң мені қолтықтай бере: — Аға-еке, дауысыңызда... үніңізде ұсыныс-өтініштен гөрі ұрсынқырағанға ұқсас бір қалтипан бар сияқты ғой? — деп еркелене сөйледі.

— Осы саған ренжіп көрмеген едім, бүгін орайы келіп қалды, — деп мен де әзілге сайдыра бастап: — Жанына ерген серігіне жұрттың көзінше неге ауыр сөз айттың? «Мені маскаралады, тіл тігізді, барған соң өтініш берем де, жұмыстан шығам, редакциядан кетем, Оралхан шығарып тұрғанда ол газетке енді аттап аяқ баспаймын!» деп күйіп-пісіп шағынды маған. Не болды сендерге? Газеттен келген екеуіңнің араларында бір пәле жүрсе, несіне бірге шықтыңдар? — дедім.

Орманның әлі із түспеген қалың ақ ұлпа қарын тізеден кеше онашалана бергенбіз.

Оқшау салынған үйдің айналасында, жүз қадамдай жерге дейін, қол созым биіктіктегі электр желісі бойында керекұлаш есеппен орналастырылған шамдар жарқырап тұрған-ды.

— Аға-еке, сіз маған бұрын да бір ренжігенсіз, оны неге ұмытасыз? — деді Ораш сол еркеленген қалыппен.

— Қашан? — деп қалдым, миымның «телеграфшылары» сол әредікте-ақ есімнің мұрағатын астан-кестен етіп үлгірсе де, ондай ештенге таба алмай.

— Ол бұдан он бес жыл шамасы бұрын болған. Ақ үйге кіргенде. Бір кеште есік алдында үш-төрт жігіт тұрып, үйдің салыну сапасын сөз етістік те мен: «мына үйді, осы қазір он жігіт жиылып, бірден қатты үрлеп кеп қалсақ, оллаһи, ортасынан қак бөлініп, жиырма пәтері он жакка, жиырма пәтері сол жакка шашылып қалады!» — дедім. Жігіттер ду күлді. Ал сіз: «Әй, бауырым! Белгіңіңді біл, білмейтіңіңе басыңды ауыртпа!» — деп жекідіңіз де, кетіп қалдыңыз, — деді Ораш, басын шалкита, мәз боп күліп.

Мен ол жәйтіті есіме түсіре алмадым. — Е, ол миым ашып жүрген кез ғой. «Менің Әдеби қордағы директорлығымды алып қойды», — деп (мен *тартып алғанда-ақ*) маған жауығып жүрген Әбдірәшит Ахметов (*жарықтық*): «Қабышев қырық пәтерлі өзі біліп бөліп, өзіне жакқандарды кіргізіп қойды. Оның партиялылығын қарау керек!»

10



ЖҚ

Е-mail:

jas_qazaq@mail.ru

Жетістік

Қарапайым халықтың сотқа деген сенімін арттырудың бірден-бір жолы – оның жұмысының ашықтығы мен қолжетімділігін қалыптастыру өкөңдігі бөлгілі. Сот жұмысының ашықтығы мен қолжетімділігін қалыптастыруда қазіргі заманғы ақпараттық технологияны сот жүйесіне енгізудің маңызы зор. Сот саласында электронды сот жүйесін құру бағытында айтарлықтай шаруалар атқарылды және қазір де атқарылып жатыр. Ақмола облысы бойынша сот өкімшісінің басшысы Данияр Сарымсақов облыс соттарындағы жаңа ақпараттық технологияларды енгізу бағытында жасалып жатқан жұмыстар жайында былай дейді:

– Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сот мекемелері жұмысына жаңа технологияларды қолдану халықтың сот жүйесіне деген қолжетімділігі мен барынша ашықтыққа қол жеткізуді арттыру туралы тапсырмасын жүзеге асыру мақсатымен Жоғарғы сот тұрғындар үшін сот жүйесінің қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз ету бағытында заманауи технологияларды сәтті енгізіп, жүзеге асырып келеді. Осындай жаңалықтың бірі ретінде «Сот кабинеті» қызметін атап өтуге болады. Бұл сот мекемелері қызметіне бір терезе жүйесімен қол жеткізудің онлайн түрі болып табылады.

ЭЛЕКТРОНДЫ ҚЫЗМЕТ – СЕНІМ МЕН АШЫҚТЫҚ

Өкімшілік басшысының айтуына қарағанда, сервистің ерекшілігі сол – тұрғындар өзіне ыңғайлы кез келген уақытта үйінен немесе жұмыс орнынан шықпай-ақ, интернет желісі арқылы сотқа талап арыз, өтініш пен апелляциялық шағымды жолдай алады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының ресми сайтында «Сот кабинеті» модулі арқылы жеке және заңды тұлғаларға және олардың заңды өкілдеріне соттарға электрондық формаларды толтыру арқылы электронды құжаттар мен іс материалдарын жолдау мүмкіндігі қарастырылған. Сот мекемелерімен электронды хат алмасу жеке және заңды тұлғалармен қатар, мемлекеттік немесе мемлекеттік емес мекемелерге де қолжетімді. Бұл үшін электронды сандық қолтаңба болса жеткілікті. Аталған қызмет хат алмасуға өте тиімді тәсіл болып табылады. Сонымен бірге, барлық уәкілетті мемлекеттік мекемелерге өкімшілік құқық бұзушылық істер материалдарын электронды форматта сотқа жолдау мүмкіндігі де қарастырылған. Бұдан басқа «Сот кабинеті»

Бұл 61 пайызды құрайды. 2017 жылдың өткен 10 айының ішінде сотқа 29 514 талап арыз берілсе, оның 25 580-і, яғни 86,6 пайызы «Сот кабинеті» арқылы түскен. Осы көрсеткіштің өзінен аталған қызметтің қазіргі күні жұртшылық арасында қаншалықты кең қолданылып отырылғанын бағамдауға болады. Сонымен қатар 2015 жылы шілдеде «Сот кабинеті» электрондық сервисі одан әрі жетілдіріліп, мобильді құрылғы арқылы пайдалана алатын «Сот кабинетінің мобильдік нұсқасы» қосымшасы әзірленіп, қолданысқа енгізілген еді. Қазіргі таңда бұл қосымша негізінен, адвокаттар мен тараптардың және олардың өкілдерінің арасында белсенді қолданылуда. Алдағы уақытта қарапайым жұртшылық та аталмыш нұсқаны барынша кең қолданатын болады деуге негіз бар. Қосымшаны



83 сот отырыс залдары бар, олардың барлығы 100 пайыз дыбыс бейне жазу жүйелерімен қамтамасыз етілген. Бұл өз кезегінде сот саласындағы сыбайлас жемқорлықты болдырмауға мүмкіндік ашып, сот процестерінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етеді.

Келесі маңызды электронды қызметтердің бірі – сот процестерін бейне конференц-байланыс арқылы жүргізу болып отыр. Бейне конференц-байланыс сотқа қатысушы тараптардың процестің өзіне келмей-ақ, қашықтықтан қатысуын қамтамасыз етеді. Жоғарғы Сот жанындағы департамент биылғы жылы облысымыздың қылмыстық-атқару жүйесіне қарасты 7 мекемесінде бейне конференц-байланыс жүйесін орнатты. Атап айтқанда: Көкшетау қаласындағы мекемеде – 2, Степногорск қаласында – 2, Атбасар қаласында

Сергектік Жұырда іссапармен кеншілер қаласы Балқашта болып қайттық. Қаланың тыныс-тіршілігімен танысып, мәдени орындары мен спорт кешенін араладық. Мұнда салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен шұғылданатындарға барлық жағдай жасалған. Бассейн, жаттығу залдары мен кеншілерге арналған спорт көшені бар. Кеншілер шыңырауда тер төгіп, ауыр жұмыс атқарып жүрсе де қолдары қалт өткенде спорт залынан табылуға тырысады. «Спорт-денсаулық кепілі» демекші, спортты серік өткен кеншілердің біразын өңгімеге тарттық.

СПОРТТЫ СЕРІК ЕТКЕНДЕР

Kazakhmys Smelting ЖШС мырыш зауытының директоры Дүйсенғали Байкуатов: «Біздің уақытымыздың көп бөлігі зауытта өтеді. Жұмыстан кейін қолым қалт етсе, осы кешенге келіп футбол ойнаймын. Кеншілерден құралған ардагерлер футбол командасының ойыншысымын. Командамыз «Металлургтер» деп аталады. Әр түрлі мерекеге орай ұйымдастырылатын футбол жарыстарына қатысып, жүлделі орынды иеленіп жүрміз. Облыс, тіпті



ТМД елдері арасында өтетін металлургтер жарысында топ жарып, Киевке дейін барып қайттық» дейді. Оның айтуынша, зауыт ішіндегі қосалқы бөлімдер арасында спартакиадалар өтеді екен. Kazakhmys Smelting ЖШС басшылығы тарапынан спортпен шұғылдануға біршама жағдай жасалған. Жұмысшыларға ғана емес, балаларының да спортпен шұғылдануына мүмкіндік бар. Зауытта 20-30 жылдан астам уақыт істеп келе жатқан кеншілерге қаладағы жаттығу залына тегін абонемент беріледі. Сондай-ақ спорт формасымен де қамтамасыз етіледі. Қазіргі таңда зауытта спортқа баулитын жеке нұсқаушы бар. Аты-жөні – Сансызбай Баймұханов. Зауыттың 80 жылдық мерекесіне орай үлкен спорт шарасы ұйымдастырылуда. Қазір сол жарысқа дайындық қызу жүріп жатыр.

✓

«Дене шынықтырумен және спортпен шұғылдану – халықты сауықтыру, олардың өзін-өзі танытыу мен дамуының неғұрлым қолжетімді және тиімді тетігі, бейлелеуметтік құбылыстарға қарсы күрес құралы болып табылады»

(Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасынан)

Кеншілер арасында спорт сайыстарында топ жарып, республика деңгейінде өтетін жарыста жоғары нәтиже көрсетіп жүргендер де баршылық. Сондай азаматтың бірін Балқаш қаласындағы «Батыр GYM» жаттығу залынан кездестірдік. Kazakhmys Smelting ЖШС электролиз цехының бригадирі Орденбек Қуанышбеков жұмыстан кейін міндетті түрде спортпен шұғылданатынын айтады. Мыс зауытында жұмыс істейтін азаматтарға «Батыр GYM» жаттығу залына



барып спортпен айналысу тегін екен. Зауыт басшылығы салауатты өмір салтын ұстанатын азаматтарға осындай жеңілдік жасап отыр.

Балқаш қалалық дене шынықтыру және сауықтыру кешенінде олимпиадалық спорттың 11 түрінен, ұлттық спорт қазақша күрестен арнайы секциялар бар. Бүгінде спорттық үйірмеге 800-ден астам бала қатысады. Ал 300-ге жуық қала тұрғыны, соның ішінде кеншілер футбол, волейбол сынды спорт түрлерінен өтетін турнирлерге тұрақты атсалысады.

Макпал НОҒАЙБАЕВА,
Қарағанды облысы

кез келген адам ұялы телефонына жүктей отырып пайдалана алады.

Соттағы ақпараттық технологиялардың артықшылықтарын халыққа кеңінен жеткізу және таныстыру мақсатында облыс аумағындағы қалалардың, жергілікті аудандардың Халыққа қызмет көрсету орталықтарында «Сот кабинеті» ақпараттық бұрыштары ашылып, ол жөнінде жергілікті бұқаралық-ақпарат құралдары арқылы кеңінен түсіндіру жұмыстары қолға алынған. Сондай-ақ ІТ-жаңалықтар жөніндегі барлық ақпарат интернет ресурстарда, әлеуметтік желілерде, жергілікті газет-журналдарда ұдайы жарияланып тұрады.

Ақмола облысы бойынша сот өкімшісі мен мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыстық департаментімен бірлесіп жергілікті соттарда орналасқан «Сот кабинеті» ақпараттық бұрыштамаларында оны қолданудың онтайлылығын насихаттау бағытындағы іс-шаралар өткізілді.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың бес институционалдық реформасын жүзеге

– 1, Зеренді ауданы Гранитный ауылында – 1, Державинск қаласы Степной ауылында – 1.

Жалпы облыс бойынша бейне конференц-байланыс жүйесі арқылы 651 сот отырысы өткізілді. Оның ішінде жергілікті республикалық соттармен 60 бейне байланыс жүргізілсе, қылмыстық-атқару департаментінің мекемелерімен 591 бейне байланыс өткізіліп, нәтижесінде мемлекеттің қомақты қаржысын үнемдеуге мүмкіндік жасалды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментімен 2014 жылдың 22 қыркүйегінде облыс соттарында Гибридті электронды пошта (ГЭП) жобасы енгізілген болатын. ГЭП арқылы 2017 жылдың 10 айына 5886 электронды хабарлама жіберілді. Гибридті жөнелтілімдерді қолдану жергілікті соттарды қарапайым поштаны қолданудағы бейнеті көп шаруалардан босатып, оның жеделдігін де арттырады.

Келесі жанашылдық – өкімшілік құқықбұзушылық туралы қаулыларды сақтандыру компанияларына электрондық түрде беруге негізделген жоба. Аталған жобаны жүзеге асыру мақсатында Ақмола облысы бойынша Соттар өкімшісімен бірқатар жұмыс атқарылды. Атап айтар болсақ, құрылымдық бөлімшелер басшыларының және Көкшетау қаласының мамандандырылған өкімшілік соты мен сақтандыру компаниялары өкілдерінің, Ақмола облыстық ішкі істер департаментінің өкімшілік полициясы, жергілікті полиция қызметі қызметкерлерінің қатысуымен дөңгелек үстел өткізіліп, жоба жан-жақты талқыланды. Бұдан басқа, осы жоба жайлы халыққа түсіндіру мақсатында Көкшетау қаласының мамандандырылған өкімшілік сотының ғимаратында көрнекі ақпараттар мен хабарландырулар сотқа келушілердің назарына ұсынылып отыр. Аудандық соттармен де аталмыш жобаны түсіндіру жұмыстары қолға алынған. Аталған бағытта семинарлар мен

жергілікті БАҚ-тарда мақалалар жарияланып, Ақмола облыстық сотының интернет-ресурсында ақпараттар қазақ және орыс тілдерінде беріліп тұрады.

Жалпы алғанда, сот жүйесінде жаңа ақпараттық технологияларды енгізу бағытында белсенді және ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Оның нәтижесі қазір анық көрініп отыр. Бұл сот жұмысының ашықтығын қамтамасыз етіп, қызметті қолжетімді ете түсті және жұмыс жеделдігі де айтарлықтай жақсарды. Осы бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табатын болады.

Байқал БАЙӘДІЛОВ,
Ақмола облысы



сервисінде сотқа талап арыздар беруге, мемлекеттік бажды онлайн режимінде төлеуге, сот құжаттарын, істің мәртебесін қарауға және басқа көптеген іс-әрекеттерге мүмкіншіліктер берілген екен.

Ақмола облысы бойынша 2014-2017 жылдар, яғни аталған сервис жұмыс істей бастаған кездер аралығында тіркелген талап арыз көрсеткішіне көз жүгіртетін болсақ, 2014 жылы берілген 32 856 талап арыздың 1521-і Сот кабинеті арқылы тіркеліп, 4,63 пайызды құраған екен. Ал 2015 жылы берілген 32 674 талап арыздың 11 631-і сот кабинеті арқылы беріліп, 36 пайызға жеткен. 2016 жылы 36 145 талап арыз берілсе, соның 22 мыңнан астамы электронды түрде түсіпті.

асыру жөніндегі «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 20-шы қадамында барлық сот процестерін бейне және таспаға жазу шараларын міндетті түрде енгізу тапсырылған болатын. Істердің дыбыс-бейне жазба құрылғысымен қаралуы Қазақстан Республикасы судьяларының VI съезінде Елбасы міндеттеген тапсырмалардың бірі болғандықтан, азаматтық, қылмыстық, өкімшілік істердің дыбыс бейнежазба құрылғысымен 100 пайыз қаралуына баса назар аударылып отыр.

Осы тапсырманы орындау мақсатында Ақмола облысының аумағындағы барлық соттардың сот отырысы залдары осы құрылғылармен қамтамасыз етіліп, жабдықталды. Қазіргі таңда облыс көлемінде

Сұхбат

Спорттың қай саласын алып қарасаңыз да, бәсекеге қабілеттіліктің артып келе жатқанын байқаймыз. Тіпті жалпыұлттық спорт бренді қалыптасып, бұқара арасында салауатты өмір салты насихатталуда. Дене шынықтыру мен спортты дамытуға өскелең ұрпақтың да қосып жатқан үлесі зор.

Бала болса да, бокс әлемінде өзіндік орны бар спортшының бірі – Арыстанбек Зікіриянов. Бізге Арыстанбекпен және оның әкесі Айбек Зікіриянұлымен сұхбаттасудың сәті түсті.

Жас qazaq: Арыстанбек, ең алғашқы әңгімемізді спортқа қашан және қалай келгеніңнен бастасак. Былғары қолғапқа деген қызығушылығың қалай басталды? Әлде ата-анаң ықпал етті ме?

Жас qazaq: Онда келесі сұрақты бапкерің — әкене қояйын. Айбек мырза, дене шынықтыру мен спортпен шұғылданудың өткен күндермен салыстырғанда, бүгінгі қарқыны қандай? Қазір спортқа қызығатын жастарымыз көп пе?

А.Кіршібаев: Әрине, көп. Қазіргі уақытта көптеген жастарымыз жалындап тұр. Бұрын да сондай болған. Бірақ Елбасымыздың өзі үнемі Жолдауында айтып отыратындай, соңғы жылдары спортты мықтап қолға алып жатырмыз. Бұл жақсы көрсеткіш. Спортқа деген бетбұрыс көп дүниеге пайдасын тигізеді. Жұмыссыз жігіттердің қатарын азайтып, көзқарасын өзгертеді, рухын оятады. Салауатты өмір салтын ұстанатын болса, денсаулығы да мықты болады. Қазіргі жастарымыз да өздеріне жасап жатқан жағдайды мүмкіндігінше тиімді пайдалануда. Спорттың қай саласы болсын, жастардың саны артқан. Тіпті әлемдік додада бак сынап жүр. Оған бүкіл халық куә. Енді біраз уақыттан соң барлық әлем мойындайтын деңгейге жетеміз.

Жас qazaq: Айбек мырза, дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы қабылданғанын да жақсы

спорттық және дене шынықтыру-сауықтыру көрсетілетін қызметтер нарығын кеңейту мәселелері жан-жақты қамтылған. Бұған қоса, дене шынықтыру және спорт саласы қоғамның берік әлеуметтік бірігуіне, болашағы бір ұлтты қалыптастыруға ықпал ететін аландардың бірі ретінде қызмет атқарады. Тұжырымлама



мемлекеттік саясаттың стратегиялық максаттары мен міндеттерін, сондай-ақ саланы дамытудың өзектілігін ескере отырып, оларды іске асыру тетіктерін айқындауға бағытталған.

www.jasqazaq.kz

E-mail:
jas_qazaq@mail.ru



11

Кейде үйренетін жері болса, көзбен жаттап алуға тырысамын. Кейде бапкеріме «Сол айлаңы қолдансақ қалай болады?» деп ұсыныс та тастаймын.

Жас qazaq: Ең алғашқы жеңісің есінде ме?

Сол сәттегі қуанышыңды айтып берсен.

А.Зікіриянов: Ең алғашқы үлкен дода — Сайын Жұбанов атындағы жарысқа қатыстым. Екінші орын алдым. Бірақ көңіл-күйім түсіп, бокстан бас тартамын деп шешкен жоқпын. Керісінше, бұл жолы болмаса, келесі жолы бас бәйге маған бұйырып тұрған шығар деп өзімді қайрадым. Өйткені «Құдайдың қалауынсыз қайынның басы қайырылмайды» деген сөз бар емес пе?! Осы сөзді атам үнемі айтып жүретін. Есімде қалып қойыпты. Әр сәтсіздікте осыны өз-өзіме іштей айтып, өзімді-өзім жігерлендіремін. Расымен де, сәті түскенде бәрі ретімен шешіліп жатады. Сөйтіп сол жарыстың соңында мені жеңген баланы ақыры жеңемін дедім де, одан басым түсіп, жеңіске жеттім. Бірінші орын алдым. Содан бері әр жарыста тек бірінші орынмен ғана оралатын болдым. Алғашқы жеңісімде төбем көкке жетердей қуандым! Бәрінен бұрын маған сенген жандардың сенімін ақтау үлкен бақыт

СПОРТ – ЕЛДІ ТАНЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕ ЖОЛЫ

А.Зікіриянов: Мен спортпен 8 жасымнан бастап айналыстым. Қазір жасым 12-де. Үйдегі әкем мен ағамның өмірі де, жұмысы да осы — спорт. Оның ішінде бокспен тығыз байланысты. Әкем — жаттықтырушы, ағам — боксшы. Екеуінің күнде дайындыққа барып-келіп жүргенін көріп, қызығушылығым ояна бастады. Ағам қатысқан жарыстарға қасынан қалмай, барып жүрдім. Жеңіске жеткенін көргенімде құлшынысым артып, өзімді де соның орнына қойып, іштей елестеттім. Сөйтіп бір күні өзім сұрандым. Әкем қуанбаса, еш қарсылық білдірген жоқ. Ал анам кішкене уайымға салынып «Сен әлі кішкентайсың, асықпа, үлгересің» деді. Бірақ тыңдамадым. Өйткені ойым да, қалауым да осы спорт еді. Аллаға шүкір, бүгін де өз жасыма лайықты бірнеше жеңістерге жетіп, жақындарымды қуантып жатқан жайым бар.

Жас qazaq: Қандай жүлделі жетістіктерің бар?

А.Зікіриянов: Есік қаласында өткен Станислав Тынысбеков атындағы 28-ші рет өткізілген турнирде 1-ші орын алдым. «Спорт шеберіне үміткер» атағына ие болдым. Ұшарал, Семей, Өскемен қалаларында өткен жарыстарда да алғашқы орынды қанжығама байлап қайттым. Халықаралық жарыстарға да қатысып жүрмін. Әзірге елімізде өткен жарыстарда ғана жұлдыздықтасып жатырмын. Болашақта шетелге шығып, бағымды сынасам деймін. Бұл жерде бағымды сынау ғана емес, биікті бағындыру дегенім дұрыс болар.

Жас qazaq: Боксшының бапкері мықты болу керек деп жатады. Өзінің бапкерің кім?



А.Зікіриянов: Өмірдегі де, спорттағы да бапкерім — әкем. Осылай әкемнің үйде берген тәрбиесінен бөлек, спортта да жаттықтырғаны — жолымның болғаны. Әкем атамның атынан жаттықтыру залын ашқан. Онда ағам да, мен де күнде екі мезгіл барып, тынбай дайындаламыз. Бізден бөлек 60-70 бала бар. Бірақ дайындық кезінде өзгенен мені бөліп-жармай, керісінше қаталдық танытады. Тастай тәртіпті талап етеді. Ол тәрбиені көрген мен де барынша лайық болуға тырысып бағамын. Бірақ алдағы уақытта жөн сілтеуші, бағыт-бағдар беретін әкемнің қалауымен өзге бапкермен жұмыс істейсің деп жатса, қарсы болмаймын. Себебі адам ары қарай да дамып, әлемді бағындырғысы келсе, барлығын өзгертуге тура келеді. Ол енді уақыттың еншісінде.



білетін шығарсыз. Бұл тұжырымдаманың спортшылар мен мемлекетімізге тигізер пайдасы қандай? Жалпы бұл жұмыс жүйелі түрде жүргізіліп, іске асырылып жатыр деп айта аласыз ба?

А.Кіршібаев: Әрине, әлгінде айтып кеткенімдей, Елбасының спортқа қатысты барлық бастамасы өзінің жемісін беруде. Жоғарғы көрсеткішке ие. Сондай-ақ бұл тұжырымдама жалпыұлттық патриоттық идея құндылықтарын ілгерілету бойынша өзекті міндеттерге сай келетін халықты дене шынықтыру мен спорт тәрбиесінің жалпыұлттық жүйесін қалыптастыру көзделген. Аталған құжатта жасы мен әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, азаматтарды елдің спорттық өміріне белсенді тарту, отандық спорттың халықаралық аренадағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру басты назарға алынды. Өмірлік спорт қоғамдастықтарын қолдау, жалпыұлттық спорт брендтерін қалыптастыру, бұқара халық арасында спортты және саламатты өмір салтын насихаттау мақсатында ақпараттық жұмыс ауқымын кеңейту көрсетілген. Спорт инфрақұрылымы мен спорт түрлері бойынша клубтар желісін дамыту арқылы қолжетімді



Жас qazaq: Қазақ боксының стилі — ақылмен, айламен жұлдыздықтасу деп жатады. Бұдан бөлек қандай ерекшелік қосасыз?

А.Кіршібаев: Бокста шыдамды болу керек деген сөз қарсыласыңның сокқысына қарсылық көрсетпеу емес. Сондай-ақ тисе де, тимесе де жұлдыздықтасу ала жүгіру емес. Айланды асыру үшін ақыл мен сабырды сабақтастыра білуің керек. Қарсыласыңның әр қимылын бақылап, әккі әрекет жасау қажет. Өзін де, ойың да шапшаң, ширақ болсаң, сонда ғана жеңіс менікі дей беріңіз. Соңғы уақытта кейбір боксшыларымыз шаршы алаңда қойылым көрсететінін көзім шалып қалды. Бұл өзге елде сәнге айналғанымен, біздің қазаққа жат қылық. Бұлай шоу жасаудың өзін



Олимпиада чемпионы Ермахан Ибрагимовпен жаттығу

екен. Жақындарым кішкентай қуанышымды үлкейтіп, барлығына мақтанып жатты. Жадыраған жүзіне қарап, үйдегілердің менен үлкен үміт күтетінін түсіндім. Міне, содан бері алған бағытым бойынша жүріп келемін. Бұл жеңістерім менің өмірімдегі ең алғашқы баспалдағым ғана. Әлі алда қаншама ұзақ жол мен енбек, талап, талпыныс күтіп тұрғанын жақсы білемін.

Жас qazaq: Еліміздегі былғары қолғап шеберлерінің қайсысының бокстағы жетістігі, мәнері ұнайды? Кімнен үлгі аласың?

А.Зікіриянов: Данияр Елеусінов, Серік Сәпиев, Ермахан Ибраимов, Василий Жиров, Бақтияр Артаев, Бақыт Сәрсекбаев, тағы да басқа ағаларымды үлгі тұтамын. Солардың қолданатын тәсілі ұнайды. Мықты болмаса, айл原因 асыра алмаса, олар бүгінде

✓ **«Балалар мен жасөспірімдерді дене шынықтырумен және спортпен барынша қамтуды қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдайлар жасауды жандандыру қажет.**

Мемлекет те дене шынықтыру және спорт саласындағы қоғамдық жастар ұйымдарының дамуына жүйелі қолдау көрсететін болады.
Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, денсаулықты нығайтуға және жан-жақты тәни дамуға бағытталған жастар арасындағы Дене шынықтыру-сауықтыру және тәрбие жұмысының кешенді іс-қимыл жоспарын жасау мәселесін пысықтау қажет»

(Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасынан)



сабырсыздық деуге болады. Ал сабырлы азамат өзін соңына дейін лайықты, бірқалыпты ұстайды.

Жас qazaq: Арыстанбек, шаршы алаңда қай елдің азаматтарымен және қандай мықты қарсыластармен жұлдыздықтасқын келеді?

А.Зікіриянов: Мықты атанып, елімді мойындату үшін ең алдымен уақыт керек. Әлі жасып. Бұйырса, мен жеңбеген былғары қолғап шебері қалмайтын болады. Өзге елге де санаулы жылдардан соң аттанып, түрлі шаршы алаңға шығамын. Мысалы, Үндістан, Америкада болсам деймін. Кубада өтетін жарыстарға барғым келеді. Қазіргі уақытта сол жақтың мықты боксшыларының жұлдыздықтасу тәсілін теледидардан қарап, бақылап отырамын.

осы дәрежеге жетпес еді. Сол деңгейінің арқасында халықтың да шынайы қошеметіне бөленіп отыр.

Спортшы үшін дайындықты ешқашан тоқтатпау керек. Өзін тандаған жолынды дұрыс, абыроймен жүріп өту үшін, ең алдымен еңбектену керек. Алдағы уақытта талабымды өсіріп, жалқаулығымды жеңгім келеді. Себебі, еңбек барлығын жеңеді. Өмірім де, спорттағы жолым да енді басталып келе жатыр. Алға құрған жоспарым да өте көп. Бұйырса, бәріне өз уақытымен жетемін деп ойлаймын. Қазіргі уақытта маған тапсырылған шаруа — сабағымды жақсы оқып, тынбай жаттығу. Жарыстардан тек жеңіспен оралу.

Сұхбаттасқан
Салтанат ШЫРЫНХАН

НҒИ БАСТАМА Баланы кішкентай кезінен кәсіпкерлікке баулу қазіргі уақыттың басты талабы болып тұр. Елбасының биылғы Қазақстан халқына Жолдауында да нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы аясында оның құралдарын нығайта отырып, халықтың осы санаттарын кеңінен тарту қажеттігі айтылды. Осы орайда мектеп оқушыларының білімін шыңдап, кәсіпкерлікке баулу басталып кетті. Еліміз бойынша «Кәсіпкер боламын!» жобасы өткізілді. Жуырда Маңғыстау облысында аталған іс-шараның нәтижесі белгілі болды.



нағыз компанияға тән дамудың барлық сатыларынан өткен виртуалды компаниялар құрды. Жобаның қорытынды кезеңінің алты күнінде 150 қатысушыға халықаралық дәрежедегі бизнес-тренерлер шеберлік дәрістерін өткізді. Олардың қатарында тележүргізуші Ләйла Сұлтанқызы, композитор, музыкант, продюсер Самсон Аракелян (Big Som), инставайнерлер медиа-жобасының жетекшісі, Upgrade Group ЖШС бас директоры Абылай Жүсіпов, «Хабар» агенттігі арнайы жобалар қызметінің жетекшісі Өркен Кенжебеков, саясаттанушы, бұқаралық коммуникациялар саласының сарапшысы Алина Хаматдинова, маркетинг және сату бойынша бизнес-тренер Әйгерім Ахметжанова, «Қазақ интернеті» қоғамдық бірлестігінің директоры Нұрлан Жанай бар.



Сондай-ақ төрт күн бойы оқушылар «Әлеуметтік байланыс», «Мотивация және мақсат қою», «Бизнес-жоспарлаудың негіздері», «Маркетинг, креативті ойлау» тақырыбында шеберлік сабақтарына қатысып, білімін шыңдады.

Сонымен қатар, жоғары сынып оқушыларына күннің тақырыбына орай қызықты квест, флэшмоб және лагерлік алау жанындағы сұхбат ұйымдастырылды. Лагердің қорытындысы ретінде оқушылардың бизнес-жоспарлары мен жобаларының тұсаукесері жасалды.

Лагердің соңғы күні 18 жоба қорғалып, оның ішінен 4 жоба үздік деп танылды. «AI-

Мен кәсіпкер



Бағдарлама мақсаты — жоғары сынып оқушыларын бизнес негіздеріне оқыту, кәсіпкерлік сананы дамыту, мектеп, іскерлік қауымдастық және ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты күшейту. Ағымдағы жылдың қаңтар айында басталған жобаға өңірдің 12 мектебінен 365 оқушы қатысты.

Бастапқы кезеңдерде орталық қызметкерлері 80-нен астам бизнес-тренер оқытты. Облыстың жетекші кәсіпкерлері мен өнеркәсіптік кәсіпорындар басшылары жоғары сынып оқушыларымен өз кәсібі сырларымен бөлісті. Сондай-ақ жоба қатысушылары әлеуметтік желілерде



боламын!

Farabi Education» Business Academy атынан 1 орын иегерлеріне 150 мың теңгеден, ынталандыру сыйлығы ретінде 100 мың теңгеден грант бөлінді.

Мерекелік жабылу салтанатында облыс әкімінің орынбасары Шолпан Ілмұханбетова, облыстық кәсіпкерлік және сауда басқарма басшысы Венера Мұстапаева қатысып, жеңімпаздарды марапаттады. Арнайы концерттік бағдарлама, от шашу ұйымдастырылды.

Айдос
ҚҰСАЙЫНҰЛЫ



Белсенді оқушы да «Алтын белгімен» бағаланса...

Осы аптада мен үшін айтулы күн болды. 11 жылғы еңбегімнің жемісі «Алтын белгіні» кеудеме тақты. Бұл осыған дейін алған марапаттарымның ең көрнектісі. Жылда үздік үлгерімім үшін алатын мақтау қағаздарымның атасы болды. Бізге ерінбей, бәлім нәрімен сусындатқан Бағила Әшімбаева, Ағыла Кенешова, Салтанат Жангелдина, Айсулу Жүнісбаева сынды ұстаздарыма алғысым шексіз. Әкем ардагер, анам — көпбалалы батыр ана, «Алтын алқа» иегері. Бірақ жұмыстан қысқарып, жәрдемақыға қарап отырғандықтан, салмақтың ауыры бізге де түседі. Өйткені, үйдегі жеті баланың алтауы оқиды. Алайда «Алтын белгі» біздің білімдегі жетістігімізді айқындайды. 11 жылда мектепке одан да көп еңбегіміз сінді. Ол қандай жұмыс деп ойлайсыз?

Мен біріншіден, қоғамдық жұмысқа белсенді араласқан оқушының бірімін. Сынып басшысы (*староста*), мектеп президенті, қалалық «Ұлан» ұйымының оқушылар тарапынан Әуезов ауданы министрі, тағы басқа жұмыстарды атқардым. Қарттар үйіне жәрдем жасап, Іле Алатауы саябағында табиғатты қорғау сияқты, басқа да көптеген сауапты жұмыстарға атсалыстық. Наурыз, Тәуелсіздік

мерекесі, т.б мерекелік шараның бәріне де белсене кірістік.

Екіншіден, қалада өткен мәдени шараларға жиі қатыстым. «Абай оқулары» қалалық жыр мүшәйрасында бас жүлде алып, белгілі акын Исраил Сапарбаев ақ жол тілеген еді. «Айтыс - сөздің майданы» қалалық акындар айтысында екі мәрте бас жүлде, аудандық айтыстар, «Қыз сыны» байқауы, тағы-тағыларда алдыңғы жүлделерді иелендім. Айта берсек, мектеп белсенділері қатысатын шара көп. Осы орай мынадай бір ұсыныс жасағым келеді.

Бізден кейінгі қоғамдық жұмыс белсенділеріне «Алтын белгімен» деңгейлес тағы бір марапат ойластырылса, жас ұрпақ тәрбиесіне қосылған зор үлес болар еді.

Акерке КӨРІПЖАН,
№123 мектеп-гимназия түлегі,
«Алтын белгі» иегері



Jas qazaq газетінің ұжымы белгілі фотожурналист Асылхан Әбдірайымұлына қызы

ӘЙГЕРІМНІҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Jas qazaq газетінің мекен-жайы **25 маусымнан бастап Алматы қаласы, Мәуленов көшесі, 85 үй, №61 кеңсеге ауысатынын хабарлайды.**

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алқасы: Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың орынбасары Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі Тілшілер мен қызметкерлер: Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait	Аймақтағы меншікті тілшілер: Бейсен НАРЫНБЕК — Астана қаласы (8 702 799 79 23) Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34) Лина АЙДЫН — Алматы облысы (8 707 666 16 03) Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05) Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Макпал НОҒАЙБАЕВА	Шығарушы: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат (<i>Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы</i>) Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-35-73 (жарнама бөлімі) Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2118; Бағасы келісім бойынша Айлық таралымы — 50 000 дана <i>Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.</i>
---	---	--	--

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарысын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.